

#ӘділеттіҚазақстан

Біз Ата Заңымызда жер мен табиғи ресурстар халықтың меншігі деген басты қағидатты бекіттік. Бұл – құр сөз емес. Бұл – барлық реформаның арқауы.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

МЕРЕЙ



ҰСТАЗДАРҒА ҚҰРМЕТ

2

ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК



МЕТРО ІШІНДЕГІ МӘСЕЛЕ

8

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

ШАҒАР БАСШЫСЫ ТҰРҒЫНДАРМЕН КЕЗДЕСЕДІ

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев 2022 жылғы 6 қазан күні, сағат 9.00-де Суаткөл көшесі, 41 мекенжайындағы №178 лицей ғимаратында Алатау ауданының тұрғындарымен кездеседі.

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша ауа райы болжамы (бүгін және ертең)

4.10.2022

Түнде:



+4+6 °C

Көшпелі бұлтты, кей уақытта жаңбыр.

Күндіз:



+18+20 °C

Көшпелі бұлтты, кей уақытта жаңбыр.



Желдің жылдамдығы: 2-7 м/с

5.10.2022

Түнде:



+9+11 °C

Көшпелі бұлтты, кей уақытта жаңбыр.

Күндіз:



+16+18 °C

Көшпелі бұлтты, кей уақытта жаңбыр.



Желдің жылдамдығы: 2-7 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №114-115 (6250) 4 қазан, сейсенбі, 2022 жыл.

А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – 150 ЖЫЛ

ҰЛЫ ТҰЛҒА ҰЛЫҚТАЛДЫ

Алаш алыптарының қастерлі мекені – Торғай өңірінде ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына арналған торқалы той өтті



Мемлекет басшысының тапсырмасымен Парламент Сенатының Төрағасы Мәулен Әшімбаев Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына арналған іс-шараларға қатысты.

7

ҚАРТТАР – ҚАЛА ҚАЗЫНАСЫ

ТАБИҒАТ АЯСЫНДАҒЫ МЕРЕКЕ

алматылық зейнеткерлер 20 тонна өнім жинады



Алматы қаласында егде адамдарды белсенді өмірге тарту, олардың әлеуетін тиімді пайдалану, жүріп өткен жолын жас ұрпаққа үлгі ете отырып, аға буынды қолдау мақсатында қолға алынған «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталықтарының жұмыстары жүйелі түрде бір ізге түскен.

ҚЫСҚА...

- Мемлекет басшысы Мәжіліс төрағасы Ерлан Қожановты қабылдады.
- Бүгін Париждегі ЮНЕСКО штаб-пәтерінде Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойына арналған «Дөңгелек үстел» өтеді.
- Тараз қаласы Дүниежүзілік қолөнершілер қалаларының тізіміне енді.
- Қазақстанда ұлттық жоба аясында 800 мың оқушыға арналған мектептер салынады.
- «Абай жолы» романы эзербайжан тілінде жарық көрді.
- «Жыл волонтері» халықаралық сыйлығына конкурс басталды.
- Дүниежүзілік көшпенділер ойындарында Қазақстан құрамасы көкпардан чемпион атанды. Қазақ спортшыларының еншісінде 9 медаль бар.
- V Дүниежүзілік көшпенділер ойындары Қазақстанда өтеді.
- Өзбекстанда қазақстандық газобетон зауыты ашылды.

www.almaty-akshamy.kz



3



«АҚШАМ-АҚПАРАТ» ХАБАРЛАЙДЫ:

■ ПРЕЗИДЕНТ

V Дүниежүзілік көшпенділер ойындары Қазақстанда өтеді. Мемлекет басшысы Мәжіліс төрағасы Ерлан Қошановты қабылдады. Президентке Парламент Мәжілісінің қазіргі заң шығару қызметі туралы ақпарат берілді. Атап айтқанда, Мәжіліс депутаттары «Адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы», «Конституциялық сот туралы», «Прокуратура туралы» заң жобаларын, сондай-ақ бірқатар конституциялық және басқа да заңдарға енгізілетін өзгерістерді қарастырып, Сенатқа жолдады. Палата мақұлдаған заң жобалары биылғы 5 маусымда өткен референдумда халық дауыс берген конституциялық реформалардың негізгі ережелерін жүзеге асыруға бағытталған. Енгізілетін заң нормалары азаматтардың конституциялық құқықтарының қорғалуын күшейтуге және тұрғындардың еліміздің саяси өміріне араласу мүмкіндігін кеңейтуге септігін тигізеді.

Ерлан Қошанов Қасым-Жомарт Тоқаевқа парламенттік дипломатия және шет мемлекеттердің заң шығарушы органдарымен арадағы іс-әрекеттер аясындағы жұмыстардың негізгі басымдықтары туралы айтты. Мәжіліс төрағасы Мемлекет басшысына Түркияның Изник қаласында өткен IV Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының салтанатты ашылу рәсіміне еліміздің делегациясының қатысқаны жөнінде баяндады. Түркі қоғамдастығы V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарын 2024 жылы Қазақстанда өткізу жөніндегі ұсынысты бірауыздан қолдады.

■ СЕНАТ

Сенат Бюросының мүшелері 2022 жылдың 6 қазанына жоспарланған Палата отырысының күн тәртібін бекітті.

Палата отырысында «2018 жылғы 17 мамырдағы Бір тараптан Еуразиялық экономикалық одақ пен оған мүше мемлекеттер және екінші тараптан Иран Ислам Республикасы арасындағы еркін сауда аймағын құруға алып келетін уақытша келісімге хаттаманы ратификациялау туралы» заң жобасы қаралатын болады. Келісім ЕАЭО елдері мен Иран арасындағы тауар саудасын еркінсітуге және жеңілдетуге бағытталған.

Депутаттар сондай-ақ, «Жаһандық жасыл өсу институтын құру туралы келісімді ратификациялау туралы» заң жобасын қарайтын болды. Қазақстан Республикасының Келісімге қосылуы экономикалық өсудің жаңа үлгісін – экономикалық көрсеткіштер мен экологиялық тұрақтылыққа бағдарланған «жасыл өсуді» әзірлеу және тарату, сондай-ақ жасыл өсуді ілгерілетумен айналысатын халықаралық ұйымдармен және халықаралық институттармен ынтымақтастықтың қажеттігін туындады.

■ МӘЖІЛІС

Мәжіліс Спикері Ерлан Қошанов Мемлекет басшысының тапсырмасымен IV Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының салтанатты ашылу рәсіміне қатысты.

Көшпенділер ойындарына әлемнің 102 елінен 3 мыңнан астам спортшы қатысуда. Қазақстанның атынан 50 спортшы сайыстың бес түрінен бақ сынасады. Олар – көкпар, қазақ күресі, дәстүрлі садақ ату, жамбы ату, көк бөрі. Мәжіліс Төрағасы дүбірлі дода алдында Қазақстан құрама командасы мүшелерімен арнайы кездесті. Оларға Мемлекет басшысының жылы лебізін жеткізіп, жеңіс тіледі. Іс-шара аясында Ерлан Қошанов Түркия Республикасының Президенті Режеп Тайып Ердоғанмен кездесті. Мәжіліс Төрағасы Атажұрттан Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың жылы лебізі мен зор ықыласын жеткізіп, Түркияда алғаш рет өткізіліп жатқан Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының салтанатты ашылуымен құттықтады. Мәжіліс Төрағасы Қазақстан келесі V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарын өткізу жөнінде ұсыныс бергенін айтып, түркі қоғамдастығы оны қолдайтынына сенім білдірді. Айта кету керек, қазақ спортшылары бұл ойындарда спорттың 5 түрінен (қазақ күресі, көкпар, көкбөрі, жамбы ату, садақ ату) өнер көрсетті. Жерлестеріміз 9 медаль жеңіп алды – 3 алтын, 4 күміс және 2 қола. Қазақстан құрамасы көкпардан чемпион атанды.

■ ҮКІМЕТ

Премьер-Министр Әлихан Смайылов Үкіметте өткен кеңесте халықты көмірмен қамтамасыз ету бойынша бірқатар тапсырмалар берді.

Сату орындарында көмір бағасының өсуіне жол бермеу үшін оны үздіксіз тасымалдауды қамтамасыз ету және автомобиль көлігімен елден тыс жерлерге әкетуді шектеу (6 айға) жөнінде шаралар қабылданды. Сонымен қатар, азаматтарға ыңғайлы болуы үшін көмірді танымал маркетплейстер мен банк қосымшалары арқылы өткізу жолдары пысықталып жатыр. Бұл бағытта еліміздегі ең ірі банктердің бірі Қостанай облысында пилоттық жобаны іске қосты. Премьер-Министр бұл тәсіл көмір сатылатын орындарда кезектерді азайтуға мүмкіндік беретінін атап өтті. «Бұл тұтынушыларға қолайлы, өте жақсы цифрлық шешім. Үйден шықпай-ақ көмірге тапсырыс беруге болады. Жергілікті жерлерде тиісті түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажет», – деді Әлихан Смайылов.

■ БАСПАНА

Тұрғын үй мәселелерін шешу бойынша мемлекеттік қолдау тұрғын үй заңнамасының талаптарына сәйкес кезектегі тұлғаларға бағытталған. Бүгінгі таңда ел бойынша 621 мыңнан астам адам кезекте тұр. Оның ішінде 402 мыңы әлеуметтік осал жағдайдағы адамдар.

Бұл туралы Орталық коммуникациялар қызметі алаңында ҚР ИИДМ Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті төрағасының орынбасары Бауыржан Қабдол хабарлады. Оның айтуынша, тұрғын үйге кезекте тұрғандардың ішінде қолдау шаралары шеңберінде ең осал және тұрғын үй мәселелерін шешуге аса мұқтаж азаматтардың 4 басым санаты айқындалды. Олар: көпбалалы отбасылар – 91 мың азамат, I және II топтағы мүгедектігі бар адамдар – 51 мың азамат, мүгедек балалары бар отбасылар – 24 мың азамат, сондай-ақ жетім азаматтар – 61 мың.

«Біртұтас тұрғын үй бағдарламасын әзірлеу бойынша жеңілдету, кредиттеу бағдарламасының шарттары тұжырымдамалық түрде өзгертілді. Біріншіден, жеңілдетілген несиелер бағдарламасы бойынша жергілікті атқарушы органдар салған әлеуметтік кредиттік тұрғын үйді ғана сатып алуға болады. Екіншіден, қарыздың ең жоғары сомасы бойынша шектеулер алынып тасталды. Несие сомасы сатып алынатын тұрғын үйдің нақты ауданы бойынша айқындалатын болады. Бұл ретте әлеуметтік тұрғын үй саласын арттыру мақсатында 160 000 – 240 000 теңге диапазонынан қазіргі таңда 180 000 – 290 000 теңгеге дейін құрылысты қаржыландыру және I шаршы метрін іске асыруға баға параметрлері қаралды. Үшіншіден, кірісті растау бойынша шектеулер алынып тасталды. Бірақ қатысушы төлем қабілеттілігін растауға міндетті. Бұл сатып алушының тұрғын үй несиесіне қызмет көрсету мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Төртіншіден, банк практикасы бойынша және ортақ мүлктік жауапкершілігі мақсатында қарыз алушының бастапқы жарнаны енгізуі сақталады. Бүгінгі таңда бұл шекті барлық қатысушылар үшін 10% мөлшерінде қарастырылған», – деді спикер.

■ МЕРЕЙ

ҰСТАЗДАРҒА
ҚҰРМЕТ

Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ

Республика сарайында Мұғалімдер күнін мерекелеуге арналған салтанатты іс-шара өтті. Кәсіби мерекені әріптестер арасында атап өтуге 2,5 мыңнан астам педагог, еңбек ардагерлері, оқытушылар әулеттерінің өкілдері және басқа да қонақтар келді.

Досбол
АТАЖАН

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев іс-шара қонақтарын мерекені құттықтап, олардың ізгі еңбектері және қазақстандықтардың жас ұрпағын тәрбиелеуге қосқан үлесі үшін ризашылығын білдірді.

«Сіздер әр баланың бойына білімнің, қоршаған әлемнің, табиғи заңдылықтардың, ғылыми жаңалықтардың негізін қалап, балаларға баға жетпес қуаныш пен жақсылық ұсынасыздар. Мұғалім атану – үлкен құрмет әрі жауапкершілігі өте жоғары мамандық. Ұстаз үшін өзі білім берген шәкіртінің сүйіспеншілігі мен құрметінен асқан баға жоқ. Мұнда сіздердің еліміздің болашағы болып табылатын патриот, ізденімпаз, мейірімді жастардың қалыптасуына қосқан үлестеріңіз өте маңызды», – деді Ерболат Досаев өзінің құттықтау сөзінде.

Мерекелік іс-шарада «Алматы ұстазы» байқауының қорытындысы мен жеңімпаздарын марапаттау рәсімі өтті. Жас мұғалімдерге арналған байқау 2022 жылдың 1 тамызында басталып, 3 кезеңге жалғасты. «Алматы ұстазы» байқауы аясында 3500-ден астам педагог заманауи білім беру үдерісіне озық тәсілдер мен цифрлық технологияларды енгізу бойынша өз дағдыларын көрсетті.

Мегаполис басшысы финалға шыққан 5 жас педагогке Финляндияда

■ БІЛІМ

ЕНДІ АЛАҢСЫЗ ОҚУҒА БОЛАДЫ

Алматының 7 мыңнан астам студенті қосымша жатақхана мен хостельдерге орналасты

Ғылым және жоғары білім министрлігінің баспасөз қызметінің хабарлауынша, соңғы үш аптада Алматыдағы 35 жоғары оқу орнының 7 мыңнан астам студенті қосымша жатақханалар мен хостельдерге орналасқан. Кейбір жоғары оқу орындары өз студенттері үшін жекеменшік жатақханалар мен хостельдерді жалға алды, ал кейбір институттар өз балансындағы ғимараттарды студенттер баспанасына айналдырды.



Айта кетейік, Алматы шаһарындағы бірінші курс студенттері жаңа оқу жылының басында толық жатақханаларға орналасты. Студенттерді баспанамен қамту мәселесі Ғылым және жоғары білім министрлігінің бақылауында тұрады.

«Біз жоғары оқу орындарымен бірлесіп студенттерді жатақханаға орналастыру мәселесін шешіп жатырмыз. Студенттердің басым бөлігі баспанамен қамтылды. Ескерте кетейік, министрлікке қарасты студенттерді жатақханалармен қамта-

масыз ету жөніндегі жедел штабы жұмысын жалғастырып, тұрғын үйге мұқтаж студенттерге көмектеседі. Бұл жұмыс тоқтаймайды», – деп атап өтті ҚР Ғылым және жоғары білім вице-министрі Қуаныш Ерғалиев.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

■ ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

ЖОЛ УАҚЫТША
ЖАБЫЛАДЫ

Жол жөндеу жұмыстарының жүргізілуіне байланысты Саин және Торайғыров көшелерінің қиылысындағы жолайықтың Оңтүстік-батыс бөлігінде 3 қазан, кешкі сағат 21.00 мен 4 қазан, таңертең сағат 06.00 аралығында, ал аталған жолайықтың Оңтүстік-шығыс бөлігінде 4 қазан, сағат 21.00 мен 5 қазан, сағат 06.00 аралығында көлік қозғалысы уақытша ішінара шектеледі.

Алматы қалалық мобильділік басқармасы мамандарының хабарлауынша, аталған жұмыстар орташа жол жөндеу жұмыстары аясында жоспарланған. Келтірілген қолайсыздықтар үшін кешірім өтініміз және жол жүру бағыттарыңызды алдын ала жоспарлауларыңызды сұраймыз.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».





ҚАРТТАР – ҚАЛА ҚАЗЫНАСЫ

ТАБИҒАТ АЯСЫНДАҒЫ МЕРЕКЕ

алматылық зейнеткерлер 20 тонна өнім жинады

Нұржамал
ӘЛІШЕВА

(Басы 1-бетте)

ДДСҰ мәліметіне сүйенсек, зейнеткерлерді белсенді өмірге тарту олардың жақсы өмір сүруі мен ұзақ жасауының кепілі. Бүгінде мегаполистегі барлық 8 ауданда да «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталықтары бар. Оларда кітапхана, фитнес-залы, емдік йога, аэробика, шахмат, тоғызқұмалақ, домино және басқа да залдар жұмыс істейді. Сондай-ақ, компьютер тілін меңгертетін, ағылшын тілін үйрететін курстар, түрлі шеберлік сыныптары ашылған. Әр адамның жеке қызығушылығы бойынша да клубтар жұмыс істейді. Мәселен, парктер мен скверлерде скандинавиялық әдіспен жүру, топ болып музейге, театрға, көрмелерге бару кештері ұйымдастырылады.

Сондай-ақ, былтыр осы «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталықтары аясында ауылшаруашылық туризмнің тиімді құралы болып саналатын «Агро-краудсорсинг» жобасы қолға алынған еді. Ол үшін Алматы қаласының «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығы қала сыртындағы Ават ауылы маңынан бақша өнімдерін егетін жер учаскелерін жалға алған. Онда белсенді, өмірге құштар, еңбекқор зейнеткерлер, көпбалалы аналар және аз қамтылған отбасылар қияр, қызанақ, асқабақ, жүгері, картоп, қауын, қарбызға дейін егіп, шыққан өнімдерін өз игілігіне жұмсайды. Өзінен артылғаны болса, сатып, қаражат табуына болады.

– «Агро-краудсорсинг» жобасы 2019 жылы пилоттық режимде іске қосылған болатын. 2021 жылы зейнеткерлерге 6 сотықтан 50 жер телімі жалға берілді. Биыл жобаға 70 адам қатысты. Олардың егіс басына жетуіне көлік бөліп отырдық. Сөйтіп, «Агро-краудсорсинг» жобасы аясында алматылық зейнеткерлер 20 тонна өнім жинады, – дейді Алматы қаласы «Белсенді ұзақ өмір сүру орталығының» директоры Сәуле Бекетаева.

Алматының «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталықтары мүшелері жаздай еңбек еткен сол егіс алқабында кеше тағы бас қосты. Бұл жолғы жүздесу мерекелік рәуіште көрініс тапты. Онда Алматы қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы басшысының орынбасары Айнұр Мұқажанова сөз сөйлеп, аға буынды мерекесімен құттықтады.

– Қазіргі күні Алматы қаласында 222 мыңнан астам зейнеткер бар немесе олар шаһар тұрғындарының 12,5%-ын құрайды. Сол қарияларымыздың көбі бүгінде «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталықтарының белсенді мүшесі.

Міне, биыл да қаламыздың зейнеткерлері



өздеріне берілген жер телімінде ала жаздай еңбек етіп, шыққан өнімдерін жақында жинап алды. Бұл бір жағынан қимыл-қозғалыс, еңбек терапиясы болса, екінші жағынан – зейнеттемің деп үйде отырып қалмай, сыртқа шығып, бой жазып, жұмыс істеп, өзі секілді жандармен жүздесіп, шүйірлесіп әңгімелесіп, уақытын тиімді өткізу. Біз сіздерден үлгі-өнеге алып жүре берейік, ал өздеріңіз әрдайым аман болыңыздар, – деді А.Мұқажанова.

Қоңыр күздің лебі ескен мерекеді Наурызбай мен Әуезов аудандарының

«Белсенді ұзақ өмір сүру» орталықтары зейнеткерлерінің хоры концерт берді. «Табиғат сыйы» деген атпен, ауылшаруашылық өнімдерімен көмкерілген көрме ұйымдастырылды. Ал «Агро-краудсорсинг» жобасының белсенді қатысушыларына жаз бойы адал төккен тері мен мол өнім жинап алған еңбегі, еңбекқорлығы үшін «Құрмет грамотасы» беріліп, естелік сыйлықтар ұсынылды. Сөйтіп, қарттар бұл күні ашық аспан астында, табиғат құшағында ән салып, би билеп, көңілін өсіріп, тағы бір сергіп қайтты.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Перизат НҰРЖАНОВА,
зейнеткер, Наурызбай ауданының «Белсенді ұзақ өмір сүру»
орталығының мүшесі:

ТАЗА АУАДА ТЫНЫСЫҢ АШЫЛАДЫ

Мына «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығы деген жақсы болды. Жаздай осы егістік басында еңбек еттік. Бірталай жолдас жинап алдық, бәрі өзіміздің қатарымыз, сондықтан әңгімеміз де, әзілдеріміз де жараса кетеді. Күнде танертең жұмысқа кетіп бара жатқандай, көп нәрсені қырып бітіріп тастайтындай, «ал мен кеттім» деп шығамыз үйімізден, сосын осында, егістік басына келеміз. Еккен өнімімізді өзіміз күтіп, баптаймыз, суғарамыз. Кейде бала-шағамызды да ала келеміз. Екіншіден, мұнда таза ауа, тынысың ашылады. Биыл қияр, қызанақ, асқабақты молынан жинап алдық. Өзімнен артылғанның бәрін таратып бердім ағайын-туысыма. Бөліп жегенге не жетсін! Қазақтың жері кең ғой, келер жылы тағы егіп, тағы молынан жинап аламыз. Бастысы – деніміз сау болсын және пейіліміз тарылмасын деймін.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ МУЗЫКА КҮНІ

АРДАГЕРЛЕРГЕ АРНАЛҒАН КЕШ

Халықаралық музыка күні мен Қарттар күніне орай Абай атындағы Қазақ ұлттық опера және балет театрының сахнасында театрдың ардагерлеріне арналған «Замана тарландары» атты концерт өтті. Бағдарламада олардың өмірбаяны, орындаған партиялары және басқа да жетістіктері еске алынды.

Досбол
АТАЖАН

Айтылған іс-шара өткен ұрпақтың адамгершілік және кәсіби құндылықтарын ізбасарларына насихаттау мақсатында ұйымдастырылды.

– Мерекенің арты мерекеге ұласып отыр. Осы орайда, біз де театр тарихында бірінші рет осында талай қызмет еткен ардагерлерімізді жинап, арнайы концерттік бағдарлама ұйымдастырдық. Сондай-ақ, дүниеден



өтіп кеткен аға-әпкелерімізді, әріптестерімізді еске алып, олар сомдаған образдарды экран арқылы көрсетпекпіз. Бұл кісілер қазақ өнерінің туын көтеріп қаншама еңбек етті, біз оларды ұмытпауымыз керек. Келешекте дәстүрлі түрде 1 қазан күні осындай кештерді ұйымдастыру жоспарда бар, – деді Абай атындағы Қазақ ұлттық опера және балет театрының директоры Бақыт Бөкебаев.

– Біздің алдағы жоспарымыз – біраз жылдан бері жоғалып кеткен өзіміздің ұлттық операларымызды қайта қойып, қайта

жаналау. Сондай-ақ, халықаралық деңгейдегі екі театрдың бірі қоя алмайтын үлкен-үлкен опера-балеттерді қоюды алға мақсат етіп отырмыз. Бүгінгі Абай атындағы ҚазҰБТ ұжымының потенциалы өте жоғары. Ресейден, Франциядан, Швейцариядан келген ғалымдар біздің қыз-жігіттердің даусын тындап көріп, мынандай операны дамытып, ұстап отырған халық, сіздер мықты екенсіздер деп тамсанып кетті, – деп толықтырды Б.Бөкебаев.

Концертке арнайы келген қонақтардың арасында КСРО Халық әртісі Әлібек Дінішев, Қазақстанның Халық әртістері Хорлан Қалиламбекова, Раушан Байсейітова, Базарғали Жаманбаев, Зарема Қастеева және Қазақстанның классикалық өнерінің көптеген аңыздары мен сахна артындағы жұмысшылары болды.

Концертке театрдың жас әртістері мен сахна шеберлері – ҚР Халық әртісі, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Нұржамал Үсенбаева, ҚР еңбек сіңірген қайраткерлері Жәмила Баспақова, Гүлзат Даурбаева, Талғат Күзембаев, Болатбек Бөкенов, Гүлвира Құрбанова және Абай атындағы ҚазҰБТ симфониялық оркестрі, хор және балеті қатысты.

ЖОЛДАУ–2022



Шолпан ЖАМАНБАЛАЕВА,
Философия, саясаттану және дінтану
институты бас директорының
орынбасары:

ЖАҢА
БАСТАМАЛАРҒА
ЖІГЕРЛЕНДІРЕДІ

Жаңа оқу жылының алғашқы күнінде ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына кезекті Жолдауын жариялады. Жолдауды тағатсыздана күтіп, тыңдап шықтым. Себебі, Қазақстан Республикасының азаматшасы ретінде Жаңа Қазақстанды құру жолындағы өзгерістер мен жоспарлар, нақты қадамдармен таныс болғым келді. Президент Қазақстан халқына жасаған кезекті Жолдауында еліміздегі жүргізіліп отырған Конституциялық реформаның негізгі бағыты – саяси-әлеуметтік жүйені жаңғырту арқылы әділетті Қазақстанды құру екендігін баса айтып, халықтың әл-ауқатын арттыру, тұрмысы төмен отбасылардың жағдайына көңіл бөліп, мүмкіндігі шектеулі азаматтардың жағдайын жақсарту, кіші және орта бизнесті дамыту, макроэкономикалық жүйені тұрақтандыру, жаңа салық саясатын енгізу өзге де бағыттарға «бір терезе» қағидатын енгізуді атап өтті.

Саяси құжаттың негізгі бөлігі еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуы мен тың жаңалықтарға толы болды. Мұнымен бірге, білім, бала болашағы, табысты ұлт болудың сатыларына да кезекпен тоқталды.

Әсіресе, Жолдауда мені қызықтырғаны, Президенттің «Біз «Азамат – бизнес-мемлекет» арасындағы қатынасты түбегейлі өзгертеміз» деген сөзі көп кәсіпкерге серпін бергендей. Оның дәлелі шағын және орта бизнесті дамытуға қатысты бірқатар бағыттарды ұсынды. Мұнымен қоса қарапайым еңбек адамдарын да назардан тыс қалдырмай, ең төменгі жалақыны 70 мыңға дейін көтеру керектігін қадап айтты.

Біз саяси трансформациямен, саяси бәсекелестіктің өсуімен, жаңа сын-тегеуріндерге жауап іздеумен сипатталатын мемлекетіміздің дамуының жаңа кезеңіне кірдік. Саяси құжаттың соңында Президент еліміздің саяси өмірінде бірқатар өзгерістер орын алатындығын жеткізді.

Әділетті Қазақстанда Отбасы гүлденген, ұлт – білімді және дені сау қоғам – еңбекке қабілетті және белсенді болуы тиіс.

Халық үніне құлақ асатын мемлекет тұжырымдамасы негізінде қазақстандық қоғам тең құқықтар мен мүмкіндіктердің, бірыңғай заң мен тәртіптің, әділдікті қамтамасыз етудің алаңына айналуы үшін үлкен жұмыс күтіп тұр.



ЖАЗЫЛҒАН ЖАЙҒА ОРАЙ

«АҚШАМҒА» АЛҒЫС АЙТТЫ

Оқырмандар мәселесі оң шешімін тауып жатыр

Газетіміздің №95 нөміріндегі «Ақшам» арқылы айтамыз» айдарында «Қараусыз қалған көше» деген атпен мақала жарияланған болатын. Мақалада «Шуақты» ықшамауданы, Береке көшесі тұрғындары атынан хат жолдаған ҚазССР халық ағарту ісінің озық қызметкері Гүлғайша Еңсепова өздері тұратын аймақта ешқандай жағдайдың жоқтығын айтып, мәселе көтерген еді. Онда: «Бізде коммуналдық жағдай жасалмаған. Газды, суды тұрғындар өз қаражатына жүргізді. Кәріз жүйесі мүлде жоқ. Ай сайын машина шақыртамыз, 12 000 теңгені қалтамыздан қағып әкетеді. Мұндай қымбатшылықта әбден қиналып жүрміз. Сол себептен, кәріз жүйесін орнатуға көмек сұраймыз. Айша биінің Шуақты болып өзгеруіне бюджеттің ақшасы себеп болды ма деп жұрт ойлайды. Қанша рет телеарна шақыртып газетке жаздық, ешкімнен көмек жоқ», – деп жазылған еді.

Айжан
БҮРКІТБАЕВА

Араға 4 апта салып, Гүлғайша апай редакциямызға хабарласып, аталған мәселе бойынша жұмыс жүргізіліп жатқанын жеткізіп, алғысын жаудырды.

«Көшемізге газ, су, кәріз жүйесін қоса алмай жүргенімізге 10 жылдан аса уақыт өтті. Бармаған жеріміз, баспаған тауымыз қалмап еді. Көптеген телеарналарға жүгіндік, әртүрлі басқармалардың есігін тоздырдық. Ешқандай нәтиже болмаған. Сіздер 10 жыл бойы жүзеге аспаған іске көмек көрсетіп отырсыздар. Хат жолдап, мәселеміз газетке жарияланғаннан кейін 1 айға жетпейтін уақыт ішінде кәріз, су құбырларын қондыру жұмыстары қолға алынып, көшемізде қызу жұмыс жүргізіліп жатыр. Сол үшін өздеріңізге көп рахмет айтамын. Әрқашан халыққа жанашыр



болғандарыңыз үшін қуаныштымын», – дейді Гүлғайша Еңсепова.

Оқырманымыз тұрғындарда «жылдап күткен іс жауапсыз қалып қоймай ма?» деген үрей басым екенін жасырмады. Құбыр жүргізу мәселесі көпшіліктің еркін жүріп-тұруына кедергісін де келтіріп жатқаны тағы бар. Гүлғайша апай осы мәселені редакция тілшілерінен қадағалауды сұрап, тұрғындарға жөндеу жұмыстарының нақты қашан аяқталатыны туралы ақпарат жеткізуді өтінді.

Оқырманымыздың өтінішін жерге тастамай, оның үстіне, жағдайды өз көзімізбен көру үшін біз Айша бибі, бұрынғы Береке көшесіне арнайы бардық. Расында да көшеде жөндеу жұмыстары қарқынды жүріп жатыр. Бірақ көшеге қатынайтын жалғыз 50 автобус құрылыс салдарынан қатынай алмайды екен. Тұрғындар бір аялдама ерте түсіп қалуға мәжбүр. Сондай-ақ, олар көшеде

көлік қоятын орын жоқ деп шағымданды:

«Біздегі үлкен сұрақ: құрылыс қашан толық аяқталады? Көшеде көлік қоятын жер жоқ. Көлікті төменгі көшеге қоятын едік. Төменгі көшені де қазып тастаған. Бүкіл көше шаң. Көлігімізді қай жерге қоярымызды білмейміз. Тіпті, ұрылар шығып, көліктерді ашып жатыр деп естідік», – дейді Жаңыл Бердіқұлова есімді тұрғын. Байқағанымыздай, бұл – аталған көшедегі жалғыз мәселе емес. Суретте көше жолының сиқы анық көрініп тұр. Жаңбыр жауса көшені бірден лай-батпақ басып қалады екен.

Осы мәселелер бойынша «Мелиоратор» ЖШС-ның құрылыс жұмысына жауапты тікелей басшысы Әнуарбек Тілесбекпен тілдестік. Ол тұрғындардан сәл шыдамдылық танытуын сұрайды.

«Негізі, бұл көшеге жөндеу жұмыстарының сметасы 2023 жылға жоспарланған болатын. Алайда, аяқасты тапсырма түсіп, қазір Береке көшесі мен осы көшемен қиылысатын қосалқы көшелерге де газ, су, кәріз жүйесін жүргізіп жатырмыз. Кәріз жүйесін 6 метр, су құбырын 2 метр тереңдікте



орнаттық. Жұмыстың аяқталу уақыты ауа райына байланысты болып тұр. Егер жаңбыр жаумаса, қазан айының аяғына дейін жұмыс толық аяқталады», – дейді Ә.Тілесбек.

Бір сұрағымызға жауап алып, жол төсеу бойынша білгіміз келген сауалды төтесінен қойдық.

«Құбыр орнату аяқтала салысымен, жол салу жұмыстарына кірісеміз. Көшеге түгел жол төселеді. Барлық жұмыс 1 ай уақытты қамтиды. Қазір жол жөндеуге байланысты көше жабық тұр. Сондықтан автобус та қатынай алмайды. Соған кейде тұрғындар наразылық танытып жатады. Тек, тұрғындар сабырлық танытса екен дейміз. Біз де жұмысымызды уақытылы аяқтауымыз керек. Ал жалпы, жедел жәрдем, полиция қызметкерлерінің көліктерін жұмысымызды тоқтатып өткізіп жібереміз. Тіпті, кейде жағдайын айтып өтінген тұрғындардың көліктеріне де жол береміз. Сондықтан біздің де жұмысымызға түсіністікпен қарауын сұраймыз», – дейді ол.



P.S. Қайтар жолда көшеде тағы бір мәселе барын анықтадық. Айша бибі көшесіне қатынайтын жалғыз автобус бар. Оның өзі ұзақ кешігеді екен. Шамамы, 40 минуттай күттік десек, асыра сілтегеніміз емес. Көшеде аялдамалар да салынбаған. Тіпті, аялдаманың белгілері де орнатылмаған. «Сый қылсаң, сыпыра қыл» деген бар. Жауапты мекемелерден осы мәселені де назардан тыс қалдырмаса екен деп сұраймыз.



МӘСЕЛЕ

ЖАБАЙЫ САУДА ЖАЙЛАП ТҰР

Полиция қызметкерлері жақында стихиялық сауда нысандарына әкімшілік шаралар қолданатын болады

Алматы кәсіпкерлері теңсіз бәсекелестік шағын кәсіпкерлік пен қала экономикасының дамуына кедергі келтіреді деп санайды. Осыған орай бизнес өкілдері Алматыда ашық алаңдардағы сауда орындарының санын азайту үшін базарларды жаңғырту жолдарын іздестіруге мүдделі.

«Бизнесті қорғаудың экожүйесі» жобасы аясында Алматы кәсіпкерлер палатасының Алматы аудандық филиалы қыркүйектен бастап Алматы ауданы әкімдігімен бірлесіп, «Тұлпар», «Тастақ», «Жұлдыз», «Барыс 4», «Кәрім» базарларының өкілдерімен және жалға алушыларымен кездесу өткізді. Әмбебап саналатын аталмыш базарларда, негізінен, азық-түлік пен тұрмыстық тауарлар сатылады.

Алматы қаласы ӨКП Алматы аудандық филиалының директоры Темірлан Мәдиевтің айтуынша, кәсіпкерлер Дүйсенов көшесінен төмен Розыбакиев көшесі және Төле би көшесінің бойындағы заңсыз сауда мәселесін шешуді сұрап өтініш білдірген. Бұл мәселе орай осы жылдың соңына дейін Алматы аумағында сауда ережелері бекітілетіні туралы түсініктеме берді. Құжат қабылдағаннан кейін полиция қызметкерлері стихиялық сауда

нысандарына әкімшілік шаралар қолданатын болады. Қыркүйекте кәсіпкерлер Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевпен кездескен болатын. Сонда «Тигрохауд» ЖШС Бас директоры Жанар Құрабаева әмбебап сауда базарларын жаңғырту мәселесін көтеріп, ҚР 02.01.2021 жылғы №399-VI Заңының талаптарына сәйкес «Сауда қызметін реттеу туралы» заңның 2-3-тармағының қолданысы әмбебап сауда базарларын жаңғырту үш жылға, 2023 жылғы 1 қаңтарға дейін ұзартылғанын атап өтті.

Спикердің айтуынша, мемлекет қолдауынсыз «қымбат» несиемен базарды жаңғыртуды жүргізу кәсіпкерлерге өте қиын. ШОБ өкілдері нарықты жаңғырту мәселесін «Даму» бағдарламасына қолдау көрсетілетін салалар тізіміне енгізуді ұсынды. Сондай-ақ, кәсіпкерлер ШОБ-ты қолдау, атап айтқанда, жеңілдікпен несие беру, мемлекеттік бағдарламалар бойынша қайтарымсыз гранттар мәселелеріне қызығушылық танытты. Сондай-ақ, Алматы кәсіпкерлер палатасының қызметкерлері алдағы президенттік сайлау бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, азаматтық белсенділікті танытуға шақырды. Келесі кездесу «Береке» базарында өтеді. Айта кетейік, мұндай іс-шаралар ай сайын Алматы ауданының барлық базарларында өткізілетін болады.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Алматының көркейіп, гүлденуіне үлес қосқысы келетін осындай белсенді қала тұрғындары арамызда көп. Солардың бірі – жабайы саудаға қатысты мәселенің қашан шешілетінін білгісі келген Қуантай Бұлтақбаева есімді оқырманымыздан редакциямызға мынадай хат келіпті.

РЕТСІЗ ТІРШІЛІККЕ ҚАРСЫМЫЗ!

Жабайы сауда кейбір адамдардың күнделікті тұрмысына аз да болса табыс әкеліп жатқан шығар, бірақ бұл Алматыдай әлем таныған алып шаһардың сыртқы келбетіне сып.

Алматыда жабайы сауданың «дәурені» әлі жүріп тұр. Қаланың орталық бөлігі таза демесеңіз, стихиялық сауданың қаланың қай шетінде де жалғасып жатқаны анық. Сол қаздай тізіліп отырған алыпсатарлардың көбеюіне жұртшылық, яғни біз өзіміз кінәліміз. Себебі, алыстағы базарларға бармай-ақ жақыннан сатып алуға барлығымыз әуеспіз. Қашан болсын, сол жаймабазардан сауда жасап жатқандарды жиі көреміз. Ал сіз сол сауда жасап тұрғандардың қолдарында тауардың санитарлық талаптарға жауап беретіні жөніндегі рұқсат қағазы бар екеніне сенімдісіз бе? Сондықтан мейлінше арнайы орындардан сауда жасағаныңыз абзал. Өйтпесе, сіз де астан уланғандардың қатарын көбейтуіңіз мүмкін. Сондықтан қаламыздың көркін кетірмеудің бір жолы – осы ретсіз тіршіліктің жолына тосқауыл қою керек.

Мәселен, мен Розыбакиев көшесі бойындағы көтерме сауда базарының айналасы ығы-жығы халықтан бір босағанын көрген емеспін. Базардың маңайы талапқа сай емес. Әсіресе, жол бойына шүберегін жерге төсеп жіберіп заттарын жайып тастаған көрініске көңіліміз толмайды. Әркімнің үйіндегі ескісін саудалауға қойған көне заттарға көз тұнады. Бәлкім, олардың орнын санитарлық талапқа сай арнайы дүңгіршектермен ауыстыру керек болар. Әсілінде, бұл мәселе қала әкімі Ерболат Досаевтың назарында. Шаһар басшысы тұрғындармен кездесулердің бірінде мегаполистегі стихиялық сауда жағдайын реттеу үшін күзде ауқымды жұмыстар жүргізілетінін айта келіп, бұл мәселемен заңды түрде күресе отырып шешуге уәде берген болатын.

Міне, күз де келді. Сол мәселені шешетін уақыт жетті. Ешкім сауда жасамасын демейміз, тек сол сауда жасайтындарға арнайы санитарлық талапқа сай орын жасап берсе, «құда да тыныш, құдағи да тыныш» болмай ма?

Әзірлеген Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.



ЕҢБЕК АДАМЫ

«ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ – АСА ҚАЖЕТ ҚҰНДЫЛЫҚ»



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Абай облысының жұртшылығымен кездесуінде жастарға Үндеу жасады. Еңбекқорлықты дәріптеуге, еңбекті құрметтеуге шақырды.

«Еңбекқорлық – қазіргі заманда бізге аса қажет құндылық. Осы қадғиданы кеңінен дәріптеуіміз керек. Менің Үндеуім еліміздегі әрбір жастың жүрегіне жетеді деп сенемін. Шын мәнінде, қазір – білім мен ғылым салтанат құрған заман. Мұны дәлелдеудің еш қажеті жоқ. Әлемдік экономикада жосары технологиялық өнімдерді жасап шығаратын компаниялар алға шықты. Бұл – ғылым келешектің бет-бейнесін анықтайды деген сөз. Өскелең ұрпақ білімге, ғылымға құштар болуы керек. Осыны жан-жақты дәріптеуге мемлекет қана емес, бүкіл қоғам және әрбір азамат атсалысуға тиіс. Өркениетті мемлекетті тек білімді азаматтар ғана қалыптастыра алады. Қазіргі қоғамда адамдардың бір-біріне деген құрметі мен сенімі азайып бара жатыр. Бұл – өте қауіпті. Қатыгездік пен сенімсіздік, немқұрайлық, енжарлық – халықты жарға жығатын жасымсыз әдеттер. Біз ел боламыз десек, ең алдымен, жастардың бойына адамгершілік қасиеттерді сіңіруіміз керек. Сондай-ақ, ол өзара тілектестік пен бауырмалдықты әрдайым дәріптеу керек. Мұны Абайдан артық айтқан ешкім жоқ. Ұлы ойшылдың «Біріңді қазақ, бірің дос, көрмесен істің бәрі бос» деген өсиетін ұмытпайық», – деді Президент.

Қоғамда еңбек адамын қастерлеу және оған құрмет көрсетудің жыл өткен сайын маңызы артып келеді. Бұл – өте жақсы үрдіс. Осыған орай ғылымның кара жұмысымен айналысып жүрген, архивтерде көне әдеби һәм фольклорлық мұраларды зерттеп, қағаз бетіне түсіруші қолжазба маманы Нұржұма ЕЛЕСБАЙДЫҢ еңбек жолынан әңгіме өрбiтуді құп көрдiк.

ҒЫЛЫМ – ТАБАНДЫЛЫҚТЫ ТАЛАП ЕТЕДІ

Қазір көбісі ғылым десе, белгіленген бетке мақала жазып беру деп түсінеді. Негізі, ғылымның кара жұмысы материал іздеу, саралап сараптаудан тұрады. Міне, бұл – нағыз еңбек!

Ғылым дегеніміздің өзі инемен құдық қазғандай ұзақ уақытты, мол тәжірибені, материалдық қорды, рухани тазалық пен

сабырлықты қажет ететін дүние. Оның қиындығы мен машақатын білмеген адамға әрине оңай көрінер. Ғылым нақты дәлелдемелерді қажет етеді. Мәселен, бір ғылыми мақала жазу үшін не істеу керек? Ең бірінші сіздің зерттегелі отырған тақырыбыңыз жайында бұрынғы зерттеушілер не айтты, қандай пікір білдірді, қандай ғылыми еңбектер жазылды? Міне, соны оқып, білу керек. Сосын барып сіз қайсы пікірді дұрыс, қайсысын бұрыс деп есептейсіз, оған қандай ғылыми дәлелдер келтіресіз, содан кейін барып өзіңіздің ғылыми тұжырымыңызды, айпақшы болған ойыңызды түйіндейсіз. Бұл бір жағынан өзге ғалымдарға деген құрмет болса, екінші жағынан ғылыми этиканы сақтау деп түсінген жөн.

Ғылымның кара жұмысы дегенде, әрине ғылымның түрі көп қой. Мәселен, тек әдебиет саласы, оның ішінде қолжазбатану, текстология (мәтінтану) жөнінде айтайық. Ұлттымыздың рухани қазынасы саналатын қолжазбалар елімізде санаулы ғана ғылыми мекемелерде сақталған. Соның ең қомақты қоры деп «Ғылым ордасы» Орталық ғылыми кітапхана мен М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба қорын атауға болады. Бұл қолжазбалар XIX ғасырдың орта шенінен бастап, халық мұрасын қастер тұтқан жекелеген жинаушылар отбасылық мұрағаттарында сақталса, Кеңес өкіметі орнағаннан кейінгі уақыттарда еліміздің әр облыстарына кең көлемде ұйымдастырылған арнайы ғылыми экспедициялар негізінде қолжазбалардың мол қоры топтастырылды. Шындығында, қазақ әдебиетінің, әдебиет тарихының, әдебиет ғылымының дамуына, өркендеу-өсуіне қолжазба қорының маңызы айрықша болды.

– Таңертең жұмысқа келген соң орындалып жатқан жобаларға қатысты материалдар оқимын, анығын айтқанда «Қазақ текстологиясы: негізгі мәтін мен авторды анықтау (атрибуция) мәселелері» жобасы аясында жазылатын ұжымдық монография тарауы «Ақан сері шығармаларының текстологиясы» болғандықтан, Ақан серіге байланысты шығармаларды, қолжазба нұсқаларын іздестірем. Сонымен бірге, «Қазақстанның қолжазба мұрасын ұлттың «Рухани жаңғыру» парадигмасы ретінде тану: жинау, сақтау, цифрландыру, жүйелеу, электронды каталогтау, жариялау және зерттеу» жобасы аясында жарық көретін «Жыраулар поэзиясы» жинағын дайындау жұмыстары бар. Ол үшін де бұрынғы шыққан «Бес ғасыр жырлайды», «Жеті ғасыр жырлайды» жинақтарын оқып, осында жарық көрген жыраулардың шығармаларына мәтіндік талдау жасау үшін кітапханаға не өзіміздің қолжазба қорында сақталған жыраулар шығармаларын көне қадім, араб, шағатай жазуларынан кирилл әрпіне түсірем. Қолжазба нұсқа мен басылым нұсқаларын

текстологиялық тұрғыдан салыстыру жұмыстарын жасаймын. Одан басқа да ұсақ-түйек шаруалар көп, – дейді ғылымның кара жұмысымен айналысып жүрген қолжазба маманы Нұржұма Елесбай.

КӨНЕ МҰРАЛАРДЫ ЖАРЫҚҚА ШЫҒАРУ – ЕЛДІК ІС

Еңбектен ерінбеу керек. Қай іс болсын қадірлі. Ең бастысы, адал тірлік қылып, болашақты ойлаған абзал. Сонда ғана іс алға басады.

Дүниеде себепсіз ешнәрсе болмайды екен. Маусым айының басталған кезі болатын. Нұржұма мен досы Берікбол екеуі саябақта жүр еді, ұстаздары Зулфар ағалары кездесе кетті. Аmandық-саулық сұрасқаннан кейін мамандық бойынша жұмыс іздеп жүргендерін айтты. «Ой, онда сендер Әдебиет және өнер институтына барындар, Сейіт Қасқабасов ағаларың «маған арабша жазу танытын жігіттер керек еді, бар болса жібер» деп еді, жақсы болды, іздегенге сұраған деген», – деп бірден жол сілтеді ұстаз.

Ертесі ертемен түйіндемелерін алып, институтқа барды. Кадр бөліміне жолығып, мән-жайды ұғындырды. Сол тұстағы институт директоры, академик Сейіт Қасқабасовтың қабылдауына кірді. Ол кісі екеуінің дипломдық жұмыстарын қарап, танысқан соң, артынша Нұржұманы «Қолжазба» бөліміне, Берікболды «Тәуелсіздік дәуіріндегі әдебиет» бөліміне кіші ғылыми қызметкер лауазымымен жұмысқа қабылдады.

Бұл 2004 жылдан басталған «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында жарыққа шығып жатқан «Бабалар сөзі» жүз томдығының елу мен алпысыншы томдары құрастырылып жатқан тұс болатын. Қауырт жұмыстың бел ортасынан бір-ақ шықты. Алдымен көне қадім жазумен жазылған бірнеше қолжазбаларды оқудың қыр-сырларымен танысты. Шындығында, арабша жазу таныған адамның бәрі мың түрлі қолтаңбамен жазылған мәтіндерді оқи алады дегенге ешкім сенбес. Бұл ұзақ уақыттағы тәжірибемен келетін, қолжазба мұраның қасиетін сезінгенде ғана ойға қонатын өнер екенін уақыттың өзі дәлелдеп келеді. Бөлім басшысы, белгілі әдебиеттанушы, текстолог ғалым, марқұм Токтар Әлібеков ағаларынан үйренгені көп. Ғылым дегеннің не екенін ол кісі әрдайым жастардың санасына құйып отыратын. Тіпті, алғаш ғылыми мақалаларды қалай жазу керектігін, ғылыми стиль қалай болатынын да ұғындырды. Жазғандарын өзі мұқият тексеріп, парақты қызыл шимай қылып сызып, ерінбей түсіндіретін. Академик Сейіт ағаның өзі де үнемі жастарға айтып отыратын: «Ғылымның жүгі ауыр, басқаның бәрі уақытша, ал ғылым қалады» дейтін. Міне, осы кісілер ғылымға деген құштарлықты, табандылықты арттыруға себеп болды.

Жұмысқа қабылданған 2009 жылдан бастап, «Бабалар сөзі» жинақтарын баспаға дайындау (62, 66, 69, 83, 88, 89, 96-томдар) істеріне белсене кірісті. Сондай-ақ, әр жылдарда институттың ғылыми жобаларына қатысып, ұжымдық монографиялардың тарауларын жазды. Сонымен бірге, қолжазба қорларын, фольклорлық экспедиция материалдарын зерттеу, жүйелеу және Дала фольклоры антологиясының 3-томы (тарихи жырлар) мен 7-томдарын (ертегілер) құрастыру, ғылыми түсініктерін жазу жұмыстарына араласты. Құрастырушы ретінде 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің 100 жылдығына орай «Қарқара толғауы» жинағын, Сүйінбай Аронұлының, Майлықожа Сұлтанқожаұлының толық шығармалар жинақтарын шығаруға атсалысты.

– Біздің шаруа елдік іс дер едім. Архивтегі халықтың көне мұраларын жарыққа шығару басты іс саналады. Осындай шаруаның басы-қасында жүргеніміз үлкен бақыт. Ең негізгісі – ерінбей әрбір әріпті, сөзді, сөйлемді дұрыс әрі өз қалыбын бұзбай келешекке жеткізу. Бұл біздің басты міндет, – дейді Нұржұма Елесбай.

Олжас ЖОЛДЫБАЙ.

КОМИССИЯ

ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен құқық бұзушылықтардың алдын алу жөніндегі ведомствоаралық комиссияның отырысында отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу шараларын күшейту және қауіпсіздікті қамтамасыз етудің сервистік моделін енгізу мәселелері қаралды.

ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ!

Ішкі істер министрінің бірінші орынбасары Марат Қожаев полицияға жыл сайын тұрмыстық зорлық-зомбылық фактілері бойынша 100 мыңнан астам өтініш келіп түсетінін баяндады. Бұл ретте жағдайлардың 60%-ында жәбірленушілер құқық бұзушыларға қатысты шаралар қабылдаудан бас тартады. 2022 жылы 37 мың адам әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Бұл ретте отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар саны 7%-ға (623-тен 583-ке дейін) төмендеді.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша ІІМ отбасылық-тұрмыстық саладағы зорлық-зомбылықтың алдын алу үшін жауапкершілікті қатаңдату шараларын, сондай-ақ отбасының шырқын бұзушыларды оңалту және олармен тәрбие жұмысын жүргізуді қамтитын қадамдарды әзірледі.

Осылайша бұл саладағы іс-қимылдарды үйлестіру үшін уәкілетті мемлекеттік органды белгілеу ұсынылып отыр, бұл репрессивті шараларға емес, азаматтардың әлеуметтік-экономикалық проблемаларын, балаларды тәрбиелеу және жалпы отбасы мәртебесін көтеру мәселелерін шешуге басымдық беруге жол ашады.

Сонымен қатар, тұрмыстық қылмыстарды тіркеудің өтініш беру түрінен анықтау сипатына көшу жоспарлануда, бұл полицияға құқық бұзушыны жәбірленушілердің өтінішінсіз, яғни тұрмыстық зорлық-зомбылық жасау фактісі бойынша жауапқа тартуға мүмкіндік береді. Осылайша жазаның бұлтартпаушылық принципі қамтамасыз етіледі.

Бұдан басқа, әкімшілік қамауға алудың ең аз мерзімін 5 тәуліктен бастап (бұрын болмаған) белгілеу, тергеу кезеңінде отбасының шырқын бұзушыны оқшаулау және оны соттың қамауға алу мүмкіндігін қарастыру, сондай-ақ тараптардың тек бір рет және сотта ғана татуласуына мүмкіндік беру ұсынылуда.

Осы тақырып бойынша Бас прокурордың орынбасары Жандос Өмірәлиев, еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Тамара Дүйсенова және ҚР Әділет вице-министрі Алма Мұқанова баяндама жасады.

Премьер-Министр тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алуда жаңа әлеуметтік сервистерді, оның ішінде отбасының цифрлық картасын белсенді қолдану қажеттігін атап өтті.

Премьер-Министр ІІМ-ге мемлекеттік органдардың осы бағыттағы жұмысын тиімді үйлестіруді қамтамасыз етуді, ал өңірлердің әкімдіктеріне жергілікті жерлерде сервистік модельді сапалы масштабтау жөнінде шаралар қабылдауды тапсырды.

«Бұл – Мемлекет басшысы бастамашы болған құқық қорғау саласындағы маңызды реформалардың бірі. Жыл қорытындысы бойынша әрбір өңірдің осы бағыттағы жұмысына баға беріледі», – деді Әлихан Смайылов.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



БОСТАНДЫҚ АУДАНЫ



МӘРТЕБЕЛІ МЕРЕКЕ

Қала бойынша Халықаралық мәртебесі бар, мәні бөлек Қарттар күнін атап өту жыл сайын дәстүрге айналған. Бостандық ауданы «Қамқор» әлеуметтік үйінде де мерекелік іс-шара өтті.

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар орталығының басшысы Назира Асылбекқызы құттықтау сөзімен ашып, Бостандық ауданы әкімінің атынан аудандық ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары Жангелді Сәденов құттықтады.

Жангелді СӘДЕНОВ, Бостандық ауданы Ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары:

– Бүгін әлеуметтік үйде қарттармен кездестік. Елімізде 1990 жылы 14 қазаннан бері Қарттар күні аталып өтілуде. 1991 жылдан

бері 31 жыл бойы Алматы қаласы Бостандық ауданы бойынша ардагерлер кеңесі осы мерекені атап өтеміз. Бостандық ауданында бүгінгі күні 41 200 ардагерлер бар. Соғыс ардагері – 17, қарттар үйінде 1 соғыс ардагері бар. Алматы қаласы бойынша Панфилов дивизиясының соңғы жауынгері – Қайырлы Жоңқабаев. «Қамқор» әлеуметтік үйінде 47 қарт тұрады.

Мерекелік бағдарлама аясында Т.Жүргенов атындағы өнер академиясының студенттері, т.б. өнерпаздар өнер көрсетті.

Салтанатты жиын соңынан барлық қарттарды дәмді дастарханға шақырылып, сыйлықтар табысталды.

АЛМАЛЫ АУДАНЫ

ДАНАЛЫҚТЫҢ КӨЗІ

Елімізде 1 қазаннан бастап Қарттар айлығы басталды. Бір күн емес, бүтін бір айды еншілеген қарияларға Алматының барлық ауданында құрмет көрсетіліп, түрлі мәдени іс-шаралар ұйымдастырылады.

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Алмалы ауданының қарттары аталмыш мерекені мейрамханада ақ дастархан басында ерекше көңіл күйде атап өтті. ҰОС ардагерлері мен тыл еңбек ардагерлері, аудандық ардагерлер кеңесінің белсенділері, танымал тұлғалар мен қариялар бас қосқан мәдени іс-шараға Алмалы ауданының әкімі Ержан Сейтенов қатысып, өзінің жүрекжарды лебізін білдірді.

– Құрметті қонақтар, қадірлі ардагерлер! Алтын күздің осы бір шырайлы күні күллі әлем аға ұрпағын дәріптеп, қарияларын марапаттауға асығады. Біздер үшін бұл күн жарқын да, жанымызға жақын мереке. Өйткені, аға ұрпақ – даналықтың көзі, саралықтың сары алтыны.

«Ауылында қарияң болса, жазып қойған хатпен тең» дегендей, біз – қашаннан атамызды ардақтап, әжемізді аялаған ұлтпыз. Себебі, тарихымыздың «тар жолы мен тайғағында» сүрінбей, бүкіл дүниеге ерлік пен қайсарлық үлгісін паш еткен Сіздерсіздер, аяулы аталар мен аналар. Ел басына күн туғанда жанпидалықтың жасампаз үлгісін көрсетіп, келешекке кепіл бола білдіңіздер. Сондықтан Сіздердің алдарыңызда бас иіп, өркендеуіміз бен өсуімізге қосқан еңбектеріңіз үшін үлкен алғысымызды айтамыз. Осы тамаша мерекемен шын жүректен құттықтай отырып Сіздерге мықты денсаулық, ашық аспан, шат көңіл тілеймін. Сүйікті және қамқоршы балаларыңыз, немерелеріңіз, жақын адамдарыңыз әрқашан сіздермен бірге бол-

сын. Егде тартқан жастарыңыз өмірлік күш-қуаттарыңыз ұзағынан болғай!».

Бүгінде Алмалы ауданында 34 799 зейнеткер тұрады. Оның ішінде 12 Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектері, 1670 тың еңбек ардагерлері бар. Сонымен қатар, үйіне барып қызмет көрсетілетін жалғызбасты және жалғыз тұратын 575 қарт бар.

Алмалы аудандық қоғамдық әлеуметтік бөлімі мамандарының айтуынша, жыл сайын қазан айында Алмалы ауданы әкімінің аппараты қарттардың құқығын қорғауға, олардың қоғамдағы ролін насихаттауға, қарттарға, ардагерлер мен зейнеткерлерге көңіл бөлуге және қамқорлық көрсетуге бағытталған бірқатар іс-шаралар өткізеді.

Ауданда Қарттар айлығы аясында мәдени-бұқаралық іс-шараларға, театрларға, концерттерге және т.б. баруды ұйымдастыру жоспарлануда. Жалғызбасты қарттар мен мүгедектерге шама келгенше көмек көрсету бойынша еріктілер қызметін жандандыруды қолға алуда. Ауданның барлық мектептерінде салтанатты іс-шаралар, сынып сағаттары, тақырыптық кештер өткізіледі.

Ауданның денсаулық сақтау мекемелерінде қарттарға арналып Ашық есік күндерін өткізу және ҰОС ардагерлерінің, аз қамтылған зейнеткерлер мен мүгедектердің үйінде жан-жақты медициналық тексеру жұмыстары ұйымдастырылады.

Шарапаты мол шара соңында мерекелік кештің сәнін келтіріп, әуезді ән мен күмбірлі күйден шашу шашқан жас өнерпаздарға қариялар батасын берді.

«БЕЛСЕНДІ ҰЗАҚ ӨМІР СҮРУ»

«ӨМІРІМІЗ – МӘНДІ, КӨҢІЛІМІЗ – КӨТЕРІҢКІ»

Ару қала Алматыда жыл сайын Қарттар күні тұрақты түрде аталып өтеді

Жас өрендер аға буын өкілдеріне зор құрмет көрсетіп, мерекелік іс-шаралар ұйымдастыруды әдетке айналдырған. Медеу ауданының «Белсенді ұзақ өмір сүру орталығы», «Алматы жас дәрігерлер ассоциациясы» қоғамдық бірлестігі Қарттар күніне орай 28 гвардияшыл-панфиловшылар саябағында скандинавиялық серуендеуден жарыс өткізіп, артынша мерекелік көңілді кеш ұйымдастырды.

Ақтолықын
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Аталған іс-шараға 8 ауданнан 58–83 жас аралығындағы 250 белсенді қариялар қатысып, өнерлерін ортаға салды. Жиналған жастарға ұлағатты әңгімелерін айтып, аға буын бір-бірімен шүйірлесіп, бір жасап қалды. Осындай қариялардың басын біріктіріп отырған «Белсенді ұзақ өмір сүру орталықтарының» еңбегі ұшан-теңіз деуге болады.

– Бүгінгі күні «Белсенді ұзақ өмір сүру орталығы» біз секілді жасы келген адамдардың қамқоршысына айналды. Неге дейсіз

«Мен қарапайым қарттарды сүйемін» деуінде де терең бір сырдың қайнары жатса керек.

«Қазан айын қарттарымызға арнап отырмыз. Қаламыздың 8 ауданында спорт түрлерінен түрлі жарыстар ұйымдастырылуда. Жасы біразға келсе де қалыпты өмір салтын ұстанатын зейнеткерлеріміздің саны күн санап артып келеді. Орталықтарда зейнеткерлер фитнес, йогамен айналысады. Шахмат, дойбы ойнап уақыт өткізеді. Скандинавиялық жүріспен айналысады. Оларға медициналық пункт қызмет көрсетеді», – дейді Медеу ауданы ардагерлер кеңесінің төрағасы Бақтияр Камалов.

толмаса, бүгінде санымыз артып, екі топқа 30–40-тан бөлінеміз. Қаламызда скандинавиялық жүріспен айналысатын 5 жүгіру орны бар. Таза ауада спортпен айналысып, көңілімізді де, өмірімізді де көркейтудеміз», – дейді скандинавиялық жүріс нұсқаушы Марина Касаткина.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, іс-шараның мақсаты егде жастағы тұрғындардың денсаулығын нығайту, белсенді әлеуметтік өмірге тарту және жас ұрпаққа үлгі болу.

«Біз ауданымыздың зейнеткерлерін, ата-әжелерді жыл сайын орталыққа шақырамыз. Ол кісілерге өзіміздің жұмыстарымызды



ғой? Өзім зейнетке шыққаннан кейін денсаулығым сыр бере бастады. Артық салмақпен жүріп-тұруым да қиынға соқты. Содан не керек, осы жаққа келдім. Омыртқамның ауырғаны, буын-буынымның сырқырағаны да қойды. Шүкір, бүгінде ешкімнің көмегіне сүйенбей-ақ баратын жағымға өзім-ақ жетіп аламын. Қазіргі таңда зейнетке шыққан адамдардың көпшілігі үйде жатып демалғанды жақсы көреді. Күнделікті таза ауада спортпен айналысудың пайдасын жете түсіне қоймайды. Сол себептен, оқырмандарға айтарым, күнделікті күйбең тіршілікті қоя тұрып, аптаның бір күнін өзіңізді дамытуға жұмсаңыз!, – дейді зейнеткер Сұлұшаш Есқалиева.

Бағзы замандардан бері халқымыз қарияларды құрметтеп, қадірін парықтай алған. Айтқандары бір елге мұра болар, болашақты болжай білген ғұламалар да – осы қариялар. Алаштың айтулы ақыны М.Мақатаевтың

Не керек, қарты бар елдің қазынасы сарқылмақ емес. Қазак үшін қай заманнан бері құрметтің де, сый-сияпаттың да қоммақтысы – кешегі ата-ана, бүгінгі қарияларға арналған. Ел ішінде ертеден келе жатқан үлкенді сыйлау үрдісінің бұзылмай бүгінге жеткені дәстүр сабақтастығы емей не?! Оның өзі – осы қарапайым қарттардан қалған жоралғы.

«Орталықта жұмыс істеп жүргеніме 4 жылдың жүзі болды. Бастапқыда ата-апаларымыз дұрыс жүре алмайтын. 100 метрді әрең еңсертетін. Кей кездері беттері қайтып қалатын. Қазіргі таңда бәрінің құлшыныстары артқан, 700–800 метр қашықтықты қиналмай-ақ жүріп өтеді. Тауларға шығып, көлдерді жағалап жүреміз. Осы спорт түрімен айналысатындардың ең кішісі 59-да болса, үлкендері 83–87-лерге келіп қалды. Көбісінің денсаулықтары да біршама жақсарған. Алаш спортпен айналыса бастағанда, қарт кісілердің саны 20-ға

таныстырамыз. Спорт түрлерімен айналысуға, қазақ, ағылшын тілдерін үйренуге жағдай жасаймыз. Компьютермен жұмыс істеуді де үйретудеміз. Сонымен қатар, медициналық көмек көрсетіп, үнемі қан қысымын өлшеп, қалыпты өмір салтын ұстануларына қол-ұшын созамыз. Қазіргі таңда орталығымыздың барлық зейнеткерлері екпе алған. Біз ұйымшыл ұжымбыз. Тіпті, карантин кезінде азық-түліктен қиналған кісілерге өз қалтамыздан көмек көрсеттік. Себебі, біз бір отбасындай болып кеттік», – дейді ол.

Шара соңында өздеріне көрсетілген ықылас пен қошеметке риза болған қарттар мен ақжұлықты аналар алғыстарын айтты. Қоғамдағы бейбітшілік, тұрақтылық пен тыныштық біздің балаларымыз бен немерелерімізге ертеңгі күнге деген сенімді кепіл, әрі аға ұрпақтың тамаша дәстүрлерін келешекте жалғастырып, байыта түсулеріне мүмкіндік берді.



А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – 150 ЖЫЛ

ҰЛЫ ТҰЛҒА ҰЛЫҚТАЛДЫ

Алаш алыптарының қастерлі мекені –
Торғай өңірінде ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының
150 жылдығына арналған торқалы той өтті



(Басы 1-бетте)

«Ұлтына ғұмырын арнаған Ұлы тұлға» атты ғылыми-тәжірибелік конференцияда Сенат Спикері ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың құттықтау хатын оқып берді.

«Ахмет Байтұрсынұлы – тарихымызда айрықша орны бар бірегей тұлға. Алаш жұртының асыл перзенті халқымыздың тағдыры сыңа түскен күрделі кезеңде ерекше қайраткерлік танытты. Шын мәнінде, Ахаңның өмір жолы – ұлтқа қызмет етудің жарқын үлгісі. Арыстарымыздың есімін ардақтап, ұлазатты ісін жалғастыру – халқымыздың қастерлі парызы», – делінген Мемлекет басшысының құттықтауында.

Мәулен Әшімбаев өз сөзінде ұлт ұстазы, аса көрнекті ғалым, ағартушы, тарихи тұлға Ахмет Байтұрсынұлының саяси және рухани мұрасына кеңінен тоқталды. Мерейтойдың қазақ үшін қастерлі Торғай жерінде аталып өтуінің айрықша маңызына назар аударды. Мемлекет басшысы ел дамуының жаңа тарихи кезеңінде өңірлерді өркендету мәселесіне баса мән беріп отырғанын, осы бағытта тиісті органдарға нақты тапсырмалар бергенін және алдағы міндеттерді нәтижелі орындау үшін Парламент жүйелі жұмыс жүргізіп жатқанын айтты. «Мемлекет басшысы жаңа және Әділетті Қазақстан құру бағдарын айқындап берді. Қазіргі таңда осы бағытта ауқымды жұмыс атқарылып жатыр. Елімізде кешенді саяси, экономикалық және әлеуметтік өзгерістер іске асырылуда. Ең басты міндет – тәуелсіздігімізді нығайтып, халқымыздың әл-ауқатын жақсарту. Ол үшін тұтас елімізді, сондай-ақ әр өңірді өркендетудің маңызы зор. Президентіміздің жаңа бастамала-

ры қазақ үшін қастерлі мекен саналатын Торғайдың дамуына тың серпін береді деп сенеміз», – деген Сенат Төрағасы Әділетті Қазақстан құру және өскелең ұрпақты отаншылдық рухпен тәрбиелеу жолында Торғай топырағынан түлеген тұлғалардың рухани мұрасын дәріптеудің маңызды екенін тілге тиек етті.

Конференцияда белгілі зиялы қауым өкілдері, көрнекті қоғам қайраткерлері де сөз сөйледі. Олардың қатарында жазушы, ғалым Қойшығара Салғара, алаштанушы Әнес Ғарифолла, ахметтанушы Серікбай Оспанов және тағы басқа сарапшылар бар.

Мерейтой аясында Қостанай облысының Торғай ауылында Алаш арыстары Ахмет Байтұрсынұлы мен Міржақып Дулатұлына арналған ескерткіш ашылды. Ашылу салтанатында Сенат Спикері

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін қалады. Ол төл әліпбиімізді жасаған реформатор. Қазақ тілі мен әдебиетін оқытуға қатысты маңызды оқу құралдарын жазды.

кері киелі Торғай өңірінен ұлт тарихындағы көптеген ұлы тұлғалар шыққанын, олардың қатарында Абылай ханның серігі болған шақшақ Жәнібектің, елінің ертегі үшін атқа қонған Амангелді мен Кейкі батырлардың, халқын бірлікке, білімге, отаншылдыққа шақырған Ыбырай Алтынсарин, Ахмет Байтұрсынұлы және Міржақып Дулатұлының есімдері ерекше аталатынын айтты. Сондай-ақ, Мәулен Әшімбаев қазақ үшін бұл өлкенің қасиеті бөлек екеніне назар аударды.

Жыл басынан бері А.Байтұрсынұлының өмірі мен өсиетін дәріптеу мақсатымен елімізде атқарылған ауқымды жұмыстарға тоқталды.

Торғайдағы «Жас тұлпар» стадионында Ахаңның әндері мен халық әндерін орындаушылар арасында байқау ұйымдастырылды. Ахмет Байтұрсынұлының өз әндері, ұлт ұстазы зерттеген әндер шыққалды. Байқау соңы мерекелік концертке ұласты. Белгілі күйші Анар Мұздаханова Ахмет Байтұрсынұлына арнаған авторлық жеке күйін орындады. Мерекелік іс-шаралар аясында ат бәйгесі мен па-

Ахаңның саяси қайраткерлік қыры бір бөлек. Ол ұлт көсемі Әлихан Бөкейханмен және Міржақып Дулатұлымен бірге Алаш қозғалысының басында тұрды. Ахаңның тойы – Алаштың абыройы деп санаймыз.

луандар белдесуі өтті. Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына арналған қазақ күресінен өткен республикалық ашық турнирде Еламан Ерғалиев түйе палуан атанды. Ұлттық ат спортынан өткен республикалық турнирдің құнан бәйгесінде де, аламан бәйгесінде де Алматының дүлдүлдері алдына қара салдырмай, қос бәйгеге де қатысқан шабандоз Мейірхан Бұлбұлқа екі темір тұлпардың кілті табысталды.

Осы күні Ахмет Байтұрсынұлы мен Міржақып Дулатұлының әдеби музей-үйі көпшілікке таныстырылды.

Мәулен Әшімбаев жалпы, осындай мерейтойларды атап өту ұлттық бірегейлігімізді нығайту үшін және елдік жолында жан қиған тұлғалардың қадірін арттыру үшін қажеттігіне маңыз берді. Мұның, әсіресе, жас буынға берері

Ахаңнан небір асыл сөздер қалған. Солардың бірінде ұлт ұстазы «Басқадан кем болмас үшін біз білімді, бай һәм күшті болуымыз керек. Білімді болуға – оқу керек. Бай болуға – кәсіп керек. Күшті болуға – бірлік керек. Осы керектердің жолында жұмыс істеу керек» деген еді. Ахмет Байтұрсынұлының осы ұстанымы қазіргідей шешуші сәтте өте маңызды және жалшыға ортақ ұстанымға айналуға тиіс.

мол екенін қадап айтты. Сондықтан Ахмет Байтұрсынұлының мұрасын насихаттауға үлкен көңіл бөлу қажеттігі күн тәртібінен түспеуі және Ахаңды ұлықтау мерейтойымен ғана шектелмеуге тиіс. Демек, ұлт ұстазының еңбегін насихаттау және оны тану жұмыстары қарқынды жалғаса береді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ҰЛЫЛЫҚТЫҢ ТОЙЫ



ЗАМАНСӨЗ

АЛАШТЫҢ ЕКІ АЛЫБЫ

...Алаштың екі алып азаматы Ахмет Байтұрсынұлы мен Міржақып Дулатұлы ауылдас, аталас, ең бастысы бұлардың ұлы күрес жолындағы рухани туыстығы – қазақ тарихындағы қымбат та қастерлі беттердің бірі.

Р.НҰРҒАЛИ.

ҰЛТТЫҚ ТЕРМИНОЛОГИЯ АТАСЫ

Ахмет Байтұрсынұлы, негізінен алғанда, қазақ әліппесі мен фонетикасының, синтаксисі мен этимологиясының, әдебиет теориясы мен мәдениет тарихының айтулы маманы, ұлттық терминологияның атасы. Шын мәнісіндегі, оқымысты – филолог.

С.НЕГИМОВ.

АХМЕТТАНУ

МЕМЛЕКЕТШІЛ ІСТЕРІ АЛТЫН ӘРІППЕН ЖАЗЫЛҒАН

Ұлтын жүрегімен сүйген адам ғана артына өшпес із қалдырады. Ақаң байтақ сахараны, тұтас ұлтты маса болып ояту жолына ғұмырын арнады. Адам бойындағы ең ізгі ұлтты сүю қасиеті – Алаштың мойнына «айып» болып тағылды. Тырнақ астынан кір іздейтін сталиндік жүйе бәрібір дегеніне жетпей қоймайтыны белгілі еді. Ақаң құлдық ұрып аяғына жығылмады. Жанына сауға сұрамады. Кеудесі қасқайып, рухы сынбаған, жігері жасымаған Алаш арыстары бекзат болмысымен дүниеден озды... Ұлт ұстазына айналған ардақты Ахмет Байтұрсынұлын қарағаштай қалың елі сағына еске алады. Рухына дұға бағыштайды. Бас иіп, тағзым етеді.

Халық – жазуы өшпейтін тас кітап. Бірақ оған өзі сүйген, уақыттың сүзгісінен өткен есімдер ғана таңбаланып қалмақ. Сол кітапта Алаш арыстарының мем-лекетшіл істері алтын әріппен жазылған.

Берік УӘЛИ,

«Хабар» агенттігі» АҚ басқарма төрағасы.

ҰЛТ ҰСТАЗЫНЫҢ ОЙ-ОРАМДАРЫНАН

ЖАҚСЫ ӘЛІПБИ ҮЙРЕТУГЕ ДЕ ҚОЛАЙЛЫ БОЛУҒА ТИІС

Жақсы әліпби тілге шақ болу керек. Әліпбиіміз тізілген, о жер, бұ жері бойға жұғыспай, қолбырап, солбырап тұрған кең киім сияқты артық әріптері көп әліпби де қолайсыз; бойынды қысып, тәніңді құрыстырып, тырыстырып тұрған тар киім сияқты, әрпі кем әліпби де қолайсыз болады.

Жақсы әліпби жазуға жеңіл болуға тиіс. Әліпбидің әріп, суреттері қиын болса, мүшелері көп болса, жазуды ұзақтатып уақытты көп алады.

Әліпбидің жақсысы баспа ісіне қолайлы болуға тиіс. Әріпті тізгенде оңай тізілетін, басқанда орынды аз алатын әліпби баспасөзді арзандатады.

Жақсы әліпби үйретуге де қолайлы болуға тиіс. Әрпі сара жазуға оңай, баспасы мен жазбасының суреті жақын әліпби үйретуге жеңіл болады.

МЕКТЕПТІҢ ЖАНЫ – МҰҒАЛІМ

Мектептің жаны – мұғалім, яғни мұғалім білімді болса, білген білімін басқаға үйрете білетін болса, ол мектептен балалар көбірек білім біліп шықпақшы. Ең әуелі мектепке керегі білімді, педагогика, методикадан хабардар, оқыта білетін мұғалім. Істің толық жақсы болуына, құралдар сайлы һәм жақсы болуы шарт. Қазақ бастауыш мектебінде 1) оқу 2) жазу 3) дін 4) ұлт тілі, ұлт тарихы, есеп, ша-руа-кәсіп, жасарфия жаратылыс жайы оқытылады.

(«Мектеп керектері»,
«Қазақ», 1914 жыл, 17 май, №62).

МҰҒАЛІМНІҢ БАСТЫ ПАРЫЗЫ

Қазақ ісіндегі неше түрлі кемшілікті көбі түзелгенде «оқуменен түзеледі» деп, оқудың мәнісіне айрықша мән береді. Негізінде, қазақ тілінің фонетикалық заңдылықтарын мұқият сақтау, дауысты-дауыссыз дыбыстарды нақ-нағыммен айтып келістіріп жеткізу, сөйлеу өнеріндегі тіл, кішкене тіл, көмей, астыңғы жақ, таңдай қызметін жетілдіруге жаттықтыру – мұғалімнің басты парызы. Дыбыспен балаларды жаттықтыру – оқу мен жазу үйретудің негізі, істің басы түзу басталса, барысы да түзу болмақшы.

«Қазақша оқу жайынан», (1913).

ОРЫНБОРҒА КЕЛГЕННЕН KEЙІН...

...Орынборға келгеннен кейін, ең алдымен, қазақ тілінің дыбыстық жүйесі мен грамматикалық құрылысын зерттеуге кірістім; одан кейін қазақ әліпбиі мен емлесін ретке салып, жеңілдету жолында жұмыс істедім, үшіншіден, қазақтың жазба тілін бөтен тілдерден келген қажетсіз сөздерден арылтуға, синтаксистік құрылысын өзге тілдердің жат әсерінен тазартуға әрекеттендім; төртіншіден, қазақ прозасын жасанды кітаби сипаттан арылтып, халықтық сөйлеу тәжірибесіне ыңғайластыру үшін ғылыми терминдерді қалыптастырумен айналыстым.

Ахмет БАЙТҰРСЫНҰЛЫ.
(Деректер ашық интернет көздерінен алынды).

Қайраткер тұлғаның жетекшілігімен тұңғыш жалпыхалық «Қазақ» газеті жарық көрді. Осы басылым ұлы классик Мұхтар Әуезов айтқандай, «қазақтың еңкейген кәрі, еңбектеген жасына» тгтегімен ой түсіріп, елін ұйқысынан оятып, жансыз денесіне қан жүгіртіп, күзгі таңның салқын желіндей ширықтырып, етек-жеңін жиғызды.



ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК

МЕТРО ІШІНДЕГІ МӘСЕЛЕ

Алматы метросы күрделі тарихына қарамастан, мегаполистің көлік инфрақұрылымында ерекше орын алады.

Қазіргі таңда шаһар тұрғындарының да, қала қонақтарының да метроға деген қызығушылығы артып, халықаралық деңгейде мойындалғанын байқауға болады.

Алматының алыс аудандарын орталықпен қосатын ең қауіпсіз, заманауи экологиялық таза метро көлігі 2011 жылдан бастап мегаполис тұрғындарына қызмет етіп, қалаған жерлеріне жылдам әрі жайлы жетулеріне ықпалын тигізуде. Күн сайын 18 шақырым жол жүретін жерасты көлігі 11 бекетке тоқтап, 50 мың жолаушыны диттеген жеріне жеткізіп отыр.

Метрополитен құрылысының негізгі мақсаты – көлік инфрақұрылымын жетілдіру, жолаушылар тасымалының көлемін көбейту, көлік байланысын ұлғайту, ілеспе инфрақұрылымды дамыту, қаланың экологиясын жақсартуды көздейді. Біз ТМД-дағы ең жас метро саналатын Алматының метросын аралап, тұрғындар пікірін тыңдауға тырыстық. Бекеттегі саяхат барысында әртүрлі олқылықтардың да орын алып жатқанын байқадық. Мәселелерді жолаушылар сөзімен ұсынбақпыз.

Пандустар орнату көзделмеген



**Аида СҰЛТАН,
жас ана:**

– Метрода балаларға арналған арбамен жүретін жолаушыларға жағдай қарастырылмаған. Кеше кішкентай баламмен Бауыржан Момышұлы бекетінен кірдік. Арбамыз жиналмайды. Бір қолымда балам, бір қолымда арбам бар. Эскалатордан әрең түстім. Бұл – сұмдық қой. Басында бекеттің сыртындағы жеделсатымен түсемін ғой деп аландамағанмын. 5-6 рет кнопкасын бастық. Бірақ жеделсаты мүлдем қозғалмады. Сол себептен, эскалатормен түсуге мәжбүр болдық. Ал Жібек жолы бекетінен сыртқа шығу өте қиын болды. Эскалатор өте ұзын. Әрең көтерілдік. Сонда метро балалы аналарға арналмаған ба? Ал мүгедек адамдар қалай кіріп-шығады? Сонда ерекше жағдайдағы адамдар метроның игілігін көре алмай ма? Біз де адамбыз ғой.

Мәселе бойынша метрополитен басшылығына хабарласып едік, төмендегідей жауап алдық:

– Бауыржан Момышұлы бекетінде жолаушыларға арналған жеделсаты бар. Бірақ онда Алматы қаласы метрополитенінің бірінші кезек бірінші желісінің жобасына сәйкес баспалдақтар жанына пандустар орнату көзделмеген. Пандустарды орнатуға қауіпсіздік талаптарына сәйкес нормативтік көлбеу бұрышы мен ұзындығы мүмкіндік бермейді. Осыған байланысты метро станцияларының барлық баспалдақ маршрутында қауіпсіздік талаптары бойынша пандустарды орнату техникалық тұрғыдан мүмкін емес. Ал мүмкіндігі шектеулі жолаушыларға және арбалары бар аналарға барлық станцияда жолаушыға қызмет көрсететін кезекші-қызметкер бар, – деді метрополитен қызметкері.

Байланыссыз бекет



Бекет ішіндегі келесі мәселе – Wi-Fi жұмысы. Бәрімізге белгілі метро ішінде ұялы байланыс іске аспайтындықтан, байланысқа шығу мүмкін емес. Метро пойыздарына тегін Wi-Fi орнатылғаны туралы ақпарат болғанымен, бүгінге дейін олардың ешқайсысының жұмыс істегенін көрген емеспіз.

**Ақылбек МАНСУРОВ,
студент:**

– Бекетте Wi-Fi жұмыс істемейді. Кеше 1300X нөмірлі пойызға міндім. Мен бекеттен

шыққанша көлік шақыруым керек болған. Себебі, сабаққа асығып бара жатқан едім. Амалсыз сыртқа шыққаннан кейін шақыруға тура келді. Бекет ішінде ұялы байланыс ұстамайтындықтан, бізге хабар алу үшін Wi-Fi өте қажет. Осы олқылықтарды қашан жөндейді екен?

Бұл мәселені метрополитен қызметкерлері «техникалық ақау салдарынан туындаған олқылық» деп түсіндірді. Алайда, Wi-Fi істен шыққанына бірнеше ай өткен...

Әжетхана жоқ

Алматы тұрғындарын жиі толғандыратын мәселелердің бірі – әжетхананың жоқтығы.

**Жансая АБДУЛМАЛИК,
көпбалалы ана:**

– 2 қазан күні бекет ішінде балам әжетханаға барғысы келді. Ал бекетте әдеттегідей әжетхана жабық тұр. Бұл жағдай қашанғы қайталану береді. Бекет қызметкерлерінен әжетхананы ашуын өтіндік. Бірақ қызметкерлер ашпайтынын айтып, бізге дөрекілік көрсетті. Аты-жөні, қызметі жазылған картасы жоқ. Дамыған мемлекетте өмір сүріп жатырмыз, бекетіміз бар деп мақтанамыз. Өкініштісі, қарапайым тұрғындарға мүлдем жағдай қарастырылмаған.

Жағдайды тексеру үшін біз де бекет ішіндегі әжетхананың есігін тартып көрдік. Алайда, есік тарс жабылған, кілттенген. Сөйтсек, бекет ішіндегі әжетханалар тек қызметкерлерге арналған екен. Сонда жолаушылар қажетін өтеу үшін қайда барады?



Жолаушы көп, вагон аз...



Бекеттегі тағы бір кемшілік – пойыздардың қатынау аралығының ұзақтығы. Студенттер, оқушылар, жастар, тіпті, зейнеткерлердің барлығы метро арқылы қатынайтынын ескерсек, вагондардың жолаушыларға аздық ететіні ап-анық. Лық толы вагондар жолаушылардың қауіпсіздігі мен денсаулығына кері әсерін тигізуі әбден мүмкін.

**Артём ДМИТРИЕВ,
жолаушы:**

– Бекетте кемшіліктер өте көп. Пойыздардың уақыт аралығы өте ұзақ. Біз метрополитен басшылығынан вагон санын көбейтуді өтінгенбіз. Себебі, метромен қатынайтын адамдар өте көп. Вагонға адамдар сыймай жатады. Кеше мынадай оқиғаның куәсі болдым. Кешкі уақытта вагон ішінде адам толы болды. Іштегі бір апаның жүрегі қысылып, талып қалды. Пойызды тоқтата алмаймыз. Жедел көмек көрсететін адам да болмады. Осындай жағдайлардың алдын алатын шара қарастыру керек.

Ал метрополитен қызметкерлерінің айтуынша, пойыздарға қосымша вагон қосуға болмайды. Себебі, платформа ұзындығы вагондар қосуға мүмкіндік бермейтін көрінеді.



P.S. Бекет ішіндегі саяхат барысында тағы бір мәселені көзіміз шалып қалды. Метроға кіру үшін төлемді екі ғана әдіспен төлеуге болады. Бірі – Опау картасы арқылы, екіншісі – қолма-қол төлем арқылы. Ал смс-код, QR арқылы төлем жасау әдісі қарастырылмаған. Егер картаңызды ұмытып кетіп, қалтаңызда тиыныңыз болмаса, бекет ішіне кіре алмайсыз.



НАРЫҚ

ПӘТЕР АҚЫСЫ НЕГЕ КӨТЕРІЛДІ?

Сарапшылар пәтер бағалары 3-4 ай немесе жарты жылда қалпына келеді дейді

Соңғы 2-3 аптада ақпараттар легінен «Алматыда пәтер бағасы бірнеше есеге күрт өсті» дегенді көп естіп жүрміз. Қалада сөмкелерін арқалап, баспана іздеп жүргендер де көбейген.

Осыдан бір ай бұрынғы бұл жағдайды қалаға студенттердің келуімен, тұрғындардың көбеюімен байланыстырған едік. Ал бұл жолғы пәтер ақысының көтерілуі бөлек әңгіме болып тұр.

Көрініс Ресейде мобилизация жарияланған күннен бастап оңтүстік астанада ғана емес, шекаралас қалалардағы жылжымайтын мүлікте мәселе туындады. Елдегі тұрғын үй нарығына бірден салмақ түсті. Жалдамалы пәтер бағасы қымбаттап, әлеуметтік желіде соның салдарынан далада қалған халық туралы түрлі жазбалар мен бейнежазбалар, жалдап жатқан пәтерінен шығарып жатқандары туралы шағым көбейді.

«Қаланың шет жағында 5 қыз болып 3 бөлмелі пәтерді 250 мыңға жалдап тұрамыз.

Екеуі – студент. 1 апта бұрын пәтер иесі пәтердің бағасын 300 мыңға көтеретінін, келіспесек басқа қаладан келген туыстарын тұрғызатынын айтып хабарласты. Орталықтан басқа пәтер іздеп көрдік. Бағасы 2 есе жоғары. Оның қасында біздікі сәл арзанырақ болған соң келісуге тура келді. Пәтер иесімен ешқандай келісім-шарт жасалмады», – дейді Алматы ауданының тұрғыны Сәбина.

Нарық саласындағы сарапшылар пәтер бағалары 3-4 ай немесе жарты жылда қалпына келеді дейді. Жылжымайтын мүлік жөніндегі маман, риэлтор Райханның айтуынша, пәтер ақының бағасы қымбаттағаны былай тұрсын, пәтер иелері 3 айдың ақшасын бірден төлеу керек деп шарт қойып отыр.



Лаура ЕРБАЕВА,
заңгер:

ЗАҢ ЕМЕС, НАРЫҚ ӨЗІ РЕТТЕЙДІ

Біздің заңның ұтылған жері – осы. Пәтер иелері шетелдіктерге қымбатқа өткізіп, бірнеше есе пайда көру үшін жалдамалы пәтерде тұрып жатқан студенттер, жас отбасыларын, тағы басқа пәтер жалдап тұрушыларды пәтерінен шығуларын талап етуде. Мұндай жағдайда тұрғындарға маман ретінде мынадай кеңес беремін. Егер пәтер иесі баға қымбаттағаны жайлы хабар берсе, қымбаттаған бағаға келіспеушілік білдірген жағдайда пәтерден шығуды талап етсе, келісім-шарт бойынша келісілген бағаны төлеп, ары қарай тұра беретінін айту керек. Келісім-шарт болмаған жағдайда да пәтер иесімен ауызша келісім бар екенін есіне салған жөн. Жалдамалы пәтер бағасының мөлшері заңмен реттелмеген, яғни баға қаншаға өсетінін нарық өзі реттейді.

Азаматтық кодекстің 544-бабы, 3-тармағына сәйкес азаматтар арасындағы 1 жылға дейінгі мерзімге мүлікті жалдау шарты ауызша түрде жасалуы мүмкін екені жазылған. Егер мүлікті жалдау шарты мерзімі көрсетілмей жасалса, ол белгісіз мерзімге жасалған деп есептеледі. Орталықтандырылып белгіленген баға мен тарифтер өзгертілген жағдайда ғана тараптардың біреуінің талабы бойынша төлем мөлшері қайта қаралуы мүмкін деп жазылған. Яғни жалға беруші негізсіз, бір жыл толмай пәтер ақысын көтермеуі керек. Жалға беру шарты мерзімінен ерте тек сот арқылы ғана бұзылады.

Осы кодекстің 545-бабы бойынша Мүліктік жалдау шарты шартта белгіленген мерзімге жасалады. Егер мүліктік жалдау шарты мерзімі көрсетілмей жасалса, ол белгісіз мерзімге жасалған деп есептеледі.

Жылжымайтын мүлікті жалдаған жағдайда, егер заң актілерінде немесе шартта көзделмесе, әрбір тарап екінші тарапқа үш ай бұрын ескертіп, мұндай шарттан кез келген уақытта және өзге мүлікті жалдаған жағдайда, бір ай ішінде бас тартуға құқылы.

Ең дұрысы, пәтер жалдар алдында пәтер иесімен келісім-шартқа отыру керек. Ол шартта белгілі мерзімге дейін пәтер ақысын көтермеу туралы жазылады. Пәтер жалдаушы пәтер ақыны уақытында төлемесе немесе пәтердің ішіндегі мүлікке қандай да бір зиян келтірген жағдайда ол мерзімінен бұрын сот арқылы пәтер жалдаушыларды үйден шығаруға қақысы бар.

Пәтер бағасын жылына бір-ақ рет қана көтеру керек. ҚР Халықтың көші-қон және тұрғын үй қатынастары заңы бойынша пәтерді жалға беруші шетелдік азаматтарды және тұрғындарды 10 күннің ішінде уақытша тіркеуге міндетті.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



Райхан ҚАЛЫМБЕТОВА,
риэлтор:

БАҒА БІРДЕН ЕМЕС, 1 АПТАҒА ДЕЙІН КӨТЕРІЛДІ

Пәтер бағалары «ұшып» тұр. Әсіресе, бір күндік пен 1–3 ай аралығындағы жалдамалы пәтерге сұраныс көп. Бірнеше бөлмелі үлкен пәтерлерді 2-3 отбасы бірігіп жалдап тұрып жатыр. Тіркелгендігі туралы құжат сұрайды, бірақ үй иелері көбіне бұған келіспейді немесе қосымша ақша сұрайды. Екі апта бұрын жылжымайтын мүліктің жалға алу бағасы бірден 20–30 пайызға көтерілді. 50 пайыздан жоғары баға ұсынғандар да көп, өкініштісі. Ресейден қоныс аударғандардың дені – 20–45 жас аралығындағы жас отбасылар. Олардың көбісі бір күндік жалдамалы пәтерлерде, қонақүйлер мен хостельде (жатақхана) қоныстанған. Пәтерді уақытша 2-3 айға ғана жалға алғандар да бар. Алматы, Бостандық, Медеу аудандарында пәтерге сұраныс көп.

Бұл жағдайды алаяқтар да қалт жібермей жатыр. Пәтер іздейтін арнайы сайтта баспананың әдемі суреттерін арзан бағаға шығарып қояды. Көрсетілген нөмірге хабарласа қалсаң «кешке үйді келіп көріңіз» дейді. Сол уақытқа таман хабарлассаң, «сағат 7-де көрсетем, одан кейін звандап 9-ға ауыстырсақ бола ма деп уақытты әдейі созады. Кейін сіз таңдаған үйді ұнатқандар көп. Мен басқа қалаға ұшып бара жатырмын. 20 мың салып жіберсеңіз басқа тұтынушыларға бермеймін» деп алдайды. Кейін ақшаны алады да телефонын өшіріп, жоғалып кетеді. Бұл бұрыннан келе жатқан алаяқтардың әдісі. Қазір тіптен көбейіп кетті.

ПОЛИЦИЯ

Адам ұрлаған

Алматы полициясы адам ұрлығының бетін ашты. 40 жастағы алматылық қылмыскерлердің құрбаны болды. Оны Алматы қаласы Алматы ауданында орналасқан тұрғын үй аумағынан ұрлап кеткен.



«Ұрланған азаматтың әйелі полицияға арызбен жүгінген. Дереве арнайы жедел-тергеу тобы құрылып, алғашқы іс-шаралар кешені жүргізілді, бұл ұрлаушылардың жеке басын және олардың жәбірленушіні қай жерде ұстап отырғанын жылдам анықтауға мүмкіндік берді. Ер адамды босату бойынша арнайы іс-шара қаланың Түркісіб ауданындағы қоймалар аумағында жүргізілді. 4 адам ұсталды. Олар бұрын бопсалау және бұзақылық үшін сотталған. Ұрланған азамат аман-есен босатылды. Оны қатты соққыға жыққан

және оған медициналық көмек қажет болды. Жәбірленушінің айтуынша, бейтаныс адамдар оны босату үшін 200 мың доллар талап еткен, әйтпесе героины бар инъекция енгіземіз деп қорқытқан», – дейді Алматы қалалық Полиция департаменті басшысының орынбасары Дидар Аханов.

Қылмыстың нақты себебі ҚР ҚК-нің 125-бабы 2-бөлігімен тіркелді. Сотқа дейінгі тергеу барысында істің мән-жайы белгілі болады. Күдіктілер қамауға алынды.

АДАМ ЖӘНЕ ЗАҢ

Тергеу жүргізілуде

Antikor қызметкеріне қауіп төндірген полиция майоры қамауға алынды. Әлеуметтік желілерде азаматтық киім киген адам Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет қызметкеріне шабуыл жасағаны туралы видео тарады. Antikor баспасөз қызметі аталған факт бойынша хабарлама жариялады.

«Алматы облысы бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет Қарасай ауданы Полиция басқармасының лауазымды тұлғаларына қатысты қылмыстық жауаптылықтан алшақтатқаны үшін 500 мың теңге сомасында ақшалай қаражат алу (пара) фактісі бойынша сотқа дейінгі тергеу жүргізілуде.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет қызметкерлері тінту жүргізген кезде полиция майоры заңды талаптарға бағынбай, атыс қаруын қолданамын деп қорқытқан. Өзге ақпарат тергеу мүддесіне орай жария етуге жатпайды», – делінген хабарламада.

Аталған факт бойынша осы жылдың



22 қыркүйегінде Қылмыстық кодекстің 380-бабы (билік өкіліне қатысты қауіп) бойынша қылмыстық іс тіркелді. 29 қыркүйекте күдікті соттың санкциясымен қамауға алынды.

Бетті әзірлеген Гүлжанат СЕМБАЕВА.



«ХАЛЫҚТЫҢ БЮДЖЕТКЕ ҚАТЫСУЫ»

ЖОЛДАУ–2022: Қуатты ұлттың діңгегі – халық. Ең бастысы, азаматтарымыздың денсаулығы мықты, білімі терең болуы керек.

ТЕГІН АЛАН ҚАЙДА БАР?

Алматы – еліміздің басты спорт орталықтарының бірі екені ешкімге жасырын емес. Оңтүстік астанамызда жаз бен қысқы спорт түрлеріне арналған ірі стадиондар мен мұз алаңдары орналасқан. Дегенмен, қала басшылығы тарапынан кәсіби спорт түрлерінен бөлек жалпы шаһар тұрғындары арасында бұқаралық спортты дәрiптeп, дамыту жұмыстары қарқынды жүріп жатыр. Ол үшін қала көлемінде марафон мен велошерулер өткізіліп, көпшілік қауымға арналған тегін спорт алаңдары ашылуда. «Халықтың бюджетке қатысуы» бағдарламасы аясында әр ауданда жүздеген жаңа алаңдар салынып жатыр. Осы орайда, біз назарларыңызға Алматыда орналасқан ең ірі тегін спорттық алаңдарды ұсынамыз.



Алматы тұрғындары спортпен сүйсіне айналысатын тегін спорт алаңдарының бірі – Тұңғыш Президент саябағында орналасқан. Саябақ аумағы үлкен болған соң, мұнда қала тұрғындары жаяу жүгіріп, спортпен айналысуға жиі келеді. Одан бөлек, тұрғындар жасыл желекке шығып, саябақ аумағының кез келген бөлігінде жаттығулармен айналыса алады.


Есентай өзенінің бойы мен Хамит Ерғалиев жағалауы – қала тұрғындары мен қонақтары үшін спортпен айналысуға таптырмас орын. Өл-Фараби даңғылынан төмен қарай Есентай өзенінің бойында көпшілікке арналған арнайы спорт алаңы бар. Бұл жерде өзен бойымен жүгіріп, демін ашқан

барлық адамдар тоқтап, еркін спортпен айналыса алады. Егер өзен бойында кешкі уақытта шынықсаңыз, жылы киінген жөн.

Алматылықтар спорт шұғылданғанды ұнататын тегін алаңдардың қатарында Орталық мәдениет және демалыс саябағы бар. Саябақ аумағында Workout-қа арналған спорттық алаң құрылған. Парк аумағында жүгіріп, бой қыздырғысы келетін адамдар үшін де барлық жағдай бар. Сонымен қатар, тамыз айында саябақ ішінде «Велотрек» заманауи спорттық алаңы ашылды. Бұл аумақта барлық ниет білдірушілер BMX (велоспорт түрі), скейтбординг сынды спорт түрлерімен айналыса алады.

P.S. Егер өз ауданыңызда тегін спорт алаңы ашылғанын қаласаңыз, алдағы жылы «Халықтың бюджетке қатысуы» бағдарламасына өз жобаныңызды ұсыныңыз. Қаланың көркейіп, спорттық дамуына бәріміз бірге үлес қосайық!

ВЕЛОШЕРУ



ЖЕЛМЕН ЖАРЫСҚАН ЖҮЙРІКТЕР

Алматыда ауқымды велошеру өтті

Демалыс күні Алматыда тұрақты дамуды ілгерілетуге арналған Orange BeNeLux Bicycle Tour қалалық велошеруі өтті. Велошеруге 16 жастан асқан ниет білдірушілер қатысты. Жолдың жалпы қашықтығы 15 шақырым болды. Велошеру Розыбакиев көшесіндегі MEGA Center Alma-Ata сауда-ойын-сауық орталығы аумағынан басталып, одан әрі бағыт әл-Фараби даңғылының бойымен жалғасты.

Велошерудің бастамашысы – Қазақстандағы Нидерланды Корольдігінің елшілігі. Велошерудің ұйымдастырушылары – Қазақстан велоспорт федерациясы мен Қазақстан триатлон федерациясы. Іс-шара Алматы қаласы әкімдігінің қолдауымен өтті.

Orange BeNeLux Bicycle Tour кезінде келесідей идеялар ұсынылды:

- велосипедтерді көлік құралы ретінде пайдалану мен жол қауіпсіздігін жақсарту, сонымен қатар оларды тұрақты ұтқырлық пен көлік инфрақұрылымын жоспарлау мен жобалауға біріктіру;
- барлық адам үшін (ерлер мен әйелдер, ересектер мен кемелетке толмағандар) дене тәрбиесін, салауатты өмір салтын, аурудың алдын алуын, дене және психикалық денсаулық пен салауаттылықты нығайтуды насихаттау;
- толеранттылықты, өзара түсіністікті және әлеуметтік интеграцияны насихаттау.

Велошеруге 1000-ға жуық адам қатысты. Велошеруден кейін AlmaU университетінде Нидерланды Корольдігінің елшілігі мен Urban Forum Kazakhstan қоғамдық қорының ұйымдастыруымен панельдік пікірталас өтті. Талқылау велосипед инфрақұрылымы мен оған қатысты тақырыптарға арналды. Сонымен қатар, қатысушыларға Dutch Cycling Embassy ұйымының «Озық тәжірибе. Нидерландыдағы велосипед мәдениеті» кітабының үш тілде басылған шектеулі даналары берілді. Талқылауға Urban Forum Kazakhstan, Нидерланды және т.б. сарапшылары қосылды.

БОКС

ЖІГІТТЕРІМІЗ ЖАРАДЫ

Польшаның Люблин қаласында өткен бокс кешінде қазақстандық боксшылар бірқатар жеңіске жетті.

Люблинде өткен бокс кешінде қазақстандық былғары қолғап шебері Бекман Сойлыбаев Оңтүстік Африка республикасының өкілі Сифосета Мвуламен кездесті. Айта кеткен жөн, бұған дейін Мвула жеңіл салмақта IBF Continental Africa чемпионы болған. Кездесуге екінші жеңіл салмақтағы WBA Inter-Continental чемпионатының титулы тігілді. 12 раундқа жоспарланған жекпе-жек жетінші раундта Сойлыбаевтың мерзімінен бұрын жеңісімен аяқталды. Отандасымыз қарсыласын бауырдан ұрып нокаутқа жіберді.

Осылайша Бекман Сойлыбаев екінші жеңіл салмақта WBA Inter-Continental чемпионы атағына ие болды. Сойлыбаев үшін бұл спорттық мансаптағы 15-ші жеңіс болды.

Айтылған бокс кешінде тағы бір қазақстандық боксшы Бекзат Нұрәулетов грузин Яго Кизириямен (6-9, 4 KO) кездесті. Тартысты жекпе-жекте отандасымыз төрешілер шешімімен жеңіске жетті. 24 жастағы Бекзат 6 кездесуінде 6 жеңіске (2 нокаутпен) қол жеткізіп отыр. Айта кеткен жөн, ол кәсіби мансабында алғаш рет шетелде өнер көрсетті.



Сонымен қатар, бокс кешінің басты кездесуінде Мейірім Нұрсұлтанов орта салмақтағы WBO International титулын қорғады. Оған аргентиналық боксшы Марсело Эстебан Касерес қарсы өнер көрсетті. Он раундқа жоспарланған жекпе-жек толық өтіп, төрешілер шешімімен Мейірім жеңіске жетті.

БӘРЕКЕЛДІ!

3 АЛТЫН, 4 КҮМІС, 2 ҚОЛА

Түркияда өткен Дүниежүзілік көшпенділер ойындарында қазақ спортшылары 9 медаль жеңіп алды



Бұл туралы ҚР Мәдениет және спорт министрлігінен мәлім етті.

Жарыс алғаш рет Түркияда өтті, оған әлемнің 102 мемлекетінен 3 мыңнан астам спортшы 13 спорт түрінен қатысты. Қазақ спортшылары спорттың 5 түрінен (қазақ күресі, көкпар, көкбөрі, жамбы ату, садақ ату) өнер көрсетті.

Сонымен, қазақ күресінен ҚР құрамасы қоржынында

6 медаль бар: Марат Нығматуллаев 60 келіге дейінгі салмақта жеңімпаз атанды. Сондай-ақ, 65 келіге дейінгі санаттағы «алтынды» Зарина Сарипова жеңіп алды. Еламан Қойшыбаев (80 кг) пен Рауза Нұрмұхамметова (55 кг) – күміс, ал «Қазақстан барысы» Мақсат Исағабайлов (+80 кг) пен Мөддір Азамат (+65 кг) қола жүлдегер атанды.

Қасымхан Қанат дәстүрлі садақ атудан финалда өнер көрсетті, онда 32 елден 95 спортшы бақ сынады. Ол өзінің қарсыласы Оғыз Окшадан 2 ұпай айырмашылығымен жеңіліп, күміс жүлдеге ие болды.

Көкбөріге Қазақстан, Қырғызстан, Түркия командалары қатысты. Түркия командасы өз қалауы бойынша үшінші орынға келісім беріп, ақтық сынға қазақ-қырғыз құрамалары өтті. Ақтық сында Қазақстан–Қырғызстан командаларының ойыны 0-5 есебімен аяқталып, спортшыларымыз күміс жүлдеге қол жеткізді.

Қазақстан құрамасы көкпардан чемпион атанып, Қырғызстан командасын 4:3 есебімен жеңді. Финалға жету жолында қазақстандықтар Өзбекстан мен Моңғолия спортшыларын 8:1 және 12:2 есебімен ойсырата жеңген болатын. Министр Дәурен Абаев Facebook-тегі парақшасында көкпар тұңғыш рет көшпенділер ойындарының бағдарламасына енгенін және бұл жеңіс бірегей тарихи оқиға екенін атап өтті.

Бетті әзірлеген Досбол АТАЖАН.



ГАЗ ЖӘНЕ ОНЫ ПАЙДАЛАНУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

ТҮЙІМ САЛЫНАДЫ:

- пешті пайдалануға балаларды және өз ісіне жауап бере алмайтын, пешті пайдалану ережелерін білмейтін өзге адамдарды жақындатуға
- пеш қондырғыларына өз еркімен өзгеріс енгізуге және жөндеуге
- бекітілген ішкі клапан батырмасына күштеп тартуға, себебі бұл қауіпсіздік автоматикасын істен шығарып, қайғылы оқиғаларға себеп болады
- газ плиталарын үйді жылыту үшін қолдануға
- желкөз және желдеткіш каналдар жабық тұрған кезде, қаланған кірпіштердің тұтастығы бұзылғанда, сылақ жарылғанда және мұржадан түтін тартпағанда пештерді пайдалануға
- газ жабдықтары орнатылған бөлмелерде ұйықтауға және демалуға
- жанарғыны өз еркімен бұзып, қайта орнатуға
- қолдан жасалған пештерді өз күшімен орнатуға, пайдалануға

Газ тұтыну жабдықтарын пайдалану кезінде газдан ажырату автоматикасымен табиғи және тұншықтырғыш газдың шығуын сезетін сигнал берушілерді орнатыңыздар.



ӨТКЕН ЖЫЛҒЫ МАҰСЫМЫНДА
153 АДАМ ЗАРДАП ШЕКТІ
50 АДАМ ҚАЙТЫС БОЛДЫ

ЕСТЕН ШЫҒАРМАҢЫЗДАР!

Жарылыс немесе өртке себеп болған газ жабдықтарын пайдаланудың қауіпсіздік ережелерін сақтамау іс барысындағы заң бойынша жауапкершілікке тартуға негіз болады!

ПӘТЕРДЕ ГАЗ ИІСІ СЕЗІЛСЕ:

1. Жедел түрде барлық газ крандарын жабу керек
2. Бөлмені желдету керек
3. Ашық отты, электр құралдарын пайдалануға тыйым салынады
4. 104 телефоны бойынша апат қызметін шақыру керек.

ТҮНШЫҚТЫРҒЫШ ГАЗБЕН УЛАНУ БЕЛГІЛЕРІ (СО көлемі)

0,08% Жеңіл

Бас ауру, түншығу, бас айналу, кеуденің ауруы, құрғақ жөтел, жүректің айнуы, құсу, түрлі елестер, қан қысымының көтерілуі

0,32% дейін Орташа

Қозғалудың қиындауы, естен тану

1,2% жоғары Ауыр

Ауа жұтқаннан кейін естен тану, сіңірдің тартылуы, тыныс алудың бұзылуы (адам 3 минутқа жетпей көз жұмады)



- Дәрігер шақыру

- Дәрігер келгенге дейін. Жеңіл уланған жағдайда мүсәтір спиртін иіскетіп, кофе немесе қызыл шай ішкізу керек.

- Уланған жағдайда далаға шығу керек. Еркін тыныстауға кедергі келтіретін киімді шешіп, жайлы жерге жатқызу керек. Қажет болса қолдан дем алдыру қажет



QAZAQGAZ
ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ

«АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ»

ХҚКО БАСҚА МЕКЕНЖАЙҒА КӨШТІ

Алматыда көші-қон ХҚКО Наурызбай ауданынан Түрксіб ауданына көшті. Бұл туралы «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ Алматы қаласы филиалы мәлім етті.



Ақтолық ТҮРЛЫҒАЗЫ

«2022 жылдың 3 қазанынан бастап Алматы қаласы бойынша Көші-қон қызметтері орталығы еңбек иммигранттарына мемлекеттік қызметті жаңа мекенжай бойынша көрсетеді. Осыған дейін Алматы қаласы, Наурызбай ауданы, «Шұғыла» шағынауданы, 347/2 мекенжайында қызмет көрсеткен орталық енді Түрксіб ауданы, «Қайрат» шағынауданы, 181-182 к.2 («Жетісу-Семиречье» базары, 2-қабат)



мекенжайында қызмет көрсетеді», – делінген хабарламада.

Өтініштер жұмыс күндері сағат 09.00-ден 18.00-ге дейін қабылданады.

Сенбі, жексенбі – демалыс. Бұған дейін Ресей Федерациясының азаматтарына арналған күшейтілген халыққа қызмет көрсету орталығының да мекенжайы ауысқан болатын.

Алматы қаласы әкімдігінің ШЖҚ «Алматы Қала Жарық» (бұдан әрі – Кәсіпорын) диспетчерлік пунктінің өтініш қабылдау нөмірлері: 8 (727) 390-20-40, 8 (727) 390-20-60.

БАҚЫТТЫ ОТБАСЫ

ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗІЛДІ

Ажырасқандар «Бақытты отбасы» бағдарламасына қатыса алмайды

Ағымдағы жылы Мемлекет басшысының тапсырмасымен тұрғын үй мәселелерін жедел шешу үшін жеке тұрғын үй қорына үйді жалға алу үшін тұрғын үй төлемдері енгізілді. Бұл туралы Орталық коммуникация алаңында өткен брифинг барысында ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті төрағасының орынбасары Бауыржан Қабдол мәлімдеді.

Айтуынша, жеңілдетілген несиелеу бағдарламасы осал топтағы және тұрғын үй мәселелерін шешуге аса мұқтаж азаматтар үшін ең тиімді механизм болмақ. Сондай-ақ, биылдан бастап «Бақытты отбасы» бағдарламасына қатысушылардан «Толық емес отбасы» санаты алынып тасталды. Оның орнына тізімге жетім балалар, 1 және 2-топтағы мүгедектігі бар адамдар енгізілді.

«Әлеуметтік тұрғын үй сапасын арттыру мақсатында, 160–240 мың теңге диапазонынан 170–290 мың теңгеге дейін құрылысты қаржыландырудың және 1 шаршы метрді іске асырудың баға параметрлері қаралды. «Бақытты отбасы» бағдарламасы іске қосылған сәттен бастап әкімдіктерде «Толық емес отбасы» санаты бойынша кезекте тұрғандар



саны 72%-ға немесе 61,6 мың адамға артқанын көрсетті. Бұл ретте әлеуметтік осал топтардың арасында толық емес отбасылардан шыққан кезекте тұрғандардың үлесі 36%, ал жалпы санынан – 23,8%-ды құрайды, бұл басқа кезекте тұрғандардың тең емес жағдайын тудырады», – деді Бауыржан Қабдол.

Айжан БҮРКІТБАЕВА.

АУА РАЙЫ

АЛДАҒЫ ҮШ ТӘУЛІКТЕ АУА РАЙЫ ЖЫЛЫ БОЛАДЫ



Алдағы 3 күн тұрғындарды жауын-шашынсыз, жылы ауа райымен қуантады. Солтүстік аймақтарда күндіз 8-13-тен 15-20 градусқа дейін жылы болады. Оңтүстік өңірлерде температура 20-25 градус аралығында сақталады. Елдің шығысында да, алдағы күндері күн ашық болады деп болжанып отыр. Тек Батыс Қазақстан облысының кейбір аудандары мен Оңтүстік Қазақстанның таулы аймақтарында, жаңбыр мен жылбысқы қар жаууы мүмкін.



Бас директор –
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың
орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің
редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР
тел.: 232-36-54.

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің
редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Бас редактордың шығармашылық
жөніндегі орынбасары –
Дәурен ДҮЙСЕБАЕВ,
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ,
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама бөлімінің
менеджері –
Дана ӘЛІМШ,
тел.: 232-36-56. e-mail: dalemesh@vecher.kz

Тарату бөлімінің менеджері –
Әлия ЕСІМЖАНОВА
тел.: 232-36-51. e-mail:
aliya.yesimkhanova@bk.ru

Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ

Газетті жеткізу бойынша
шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ
Алматы почтамтына:
7 (707) 932-39-18 телефондары
арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Almaty Aqparat» ЖШС.
almatyaparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Апталық таралымы – 18 663

Кезекші редактор –
Ақтолық ТҮРЛЫҒАЗЫ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №КЗ80VPY00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің электронды нұсқасы «AIR ASTANA» әуе компаниясы бортындағы жолаушыларға қолжетімді.

ҚАПЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

«Almaty aqshamy» газеті Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

- * мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;
- * бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;
- * әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де,
ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:

8 (727) 232-36-51;
8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

- * құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;
- * құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.



ӘЛЕУМЕТ

ЕРЕКШЕ БАЛАЛАР ИГІЛІГІНЕ АШЫЛДЫ

Балалар жылы аясында Алматыда бизнесті қолдау мемлекеттік бағдарламасы бойынша мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған дамыту орталығы ашылды. «CP Life EDU» деп аталатын бұл оңалту-ресурстық орталығы кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба шеңберінде берілген 2 млн теңге мөлшеріндегі өтеусіз гранттың көмегімен ашылған.

**Нұржамал
ӘЛІШЕВА**

Әлеуметтік жобаның негізін қалаушылар – ерлі-зайыпты Итеновтер. Зәуре Итенова «БЦП Life» қоғамдық қорын басқарады, ал Асан Итенов Параолимпиадалық ойын бойынша «Бочча» федерациясының тізгінін ұстаған жан. Көпбалалы ата-ана ДЦП диагнозы қойылған 14 жастағы бала тәрбиелеп отыр.

«CP Life EDU» оңалту-ресурстық орталығының миссиясы – кемтар балаларды емдеуде барынша жәрдемдесу, баланың мүмкіндіктеріне сәйкес оны жан-жақты дамыту және олардың өмір сүру сапасын жақсарту мақсатында спортпен шұғылданыуына жағдай жасау.

Орталықтың қызметі мүмкіндігі шектеулі балаларды бейімделген дене шынықтыру (БДШ) сабақтарына ынталандыру және оқыту процесі арқылы оларды кешенді оңалту іс-шараларымен



қамтуға бағытталған. Бұдан бөлек, орталықта ДЦП диагнозы қойылған балаларды тәрбиелеп отырған ата-аналарға психологиялық және ақпараттық қолдау көрсетіледі, балаларды қоғамға, көпшілік ортаға барынша бейімдеу үшін жұмыс істейді.

Әлеуметтік орталықта алдағы уақытта компьютерлік сауаттылық, мобилография, скетчинг, скретч (бағдарламалаудың жаңа ортасы), STEM, шешендік өнер, қаржылық

сауаттылық, арт-терапия, шет тілдері, жасөспірімдерге арналған кәсіптік бағдар беру сияқты қызметтер көрсету жоспарлануда. Жалпы білім беру бағдарламасы бойынша мектептерде оқитын мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған репетиторлық курстар ашу да көзделіп отыр.

Ерлі-зайыпты Итеновтер әлеуметке ауадай қажет бұл оңалту орталығын ашарда алдымен мемлекеттік Qolday кәсіпкерлік орта-

лығының менеджерлерінен сапалы кеңес алды. Олар қазір ойға алған істің жүйелі түрде бір ізге түскеніне дән риза. Осы орайда айта кетсек, жыл басынан бері Qolday кәсіпкерлік орталығы тарапынан тегін 50 793 кеңес беріліп, 694 бизнес-жоспар/жоба әзірленген, 113 бизнес-жоба 36,7 млрд теңге көлемінде қаржылық қолдау тауып, бизнес бастағысы келіп талаптанған 4657 адам оқытылған.

ҚҰРМЕТ

ЖЕҢІС СЫЙЛАҒАН АРДАГЕР

ҚР Ішкі істер министрлігі мен Ұлттық ұланның ақпараттық-насихат тобының мүшелері алматылық ардагер Қамбар Сәрсенов қарияның шаңырағында болды.



Ұлы Отан соғысының ардагері жасының біразға келгеніне қарамастан өзіне амандаса келген меймандарды тік тұрып көңілді қарсы алды, төріне шығарды.

Жүздесу барысында ақпараттық-насихат тобының жетекшісі, Халық қаһарманы, полковник Қайрат Ұмбетов Алматы қаласы Полиция департаменті басшысының орынбасары Олжас Мырзабековпен Қамбар ақсақалға ІІМ және Ұлттық ұланның бас қолбасшысы атынан Алғыс хат табыстап, бағалы сыйлық ұсынды. Ардагер тұратын үйдің ауласында Ұлттық ұланның әскери оркестрі әйгілі «День Победы», «Прощание сла-

вянки», «Смуглянка» және «Катюша» әндерін орындап берді.

Ұлы Отан соғысы кезінде үш мәрте жарақат алған Қамбар Сәрсенов Калинин облысын, Белоруссияны, Латвияны, Литваны, Польшаны азат етуге, Шығыс Пруссия мен Германияны басып алуға қатысқан. Майдандағы жолын Кенигсбергте аяқтаған. Елге келіп, абыройлы қызмет етіп, зейнеткерлікке шыққан. 98 жастағы ардагер өзін әрдайым ұмытпай, құрмет көрсетіп, осылай келіп тұратын кейінгі буынға алғысын білдіріп, батасын берді.

Нұр ЖАМАЛ.

МҰРАЖАЙ

ӨНЕР ОРДАСЫНДА МҰРАЖАЙ АШЫЛДЫ

Қазақ өнеріне өлшеусіз үлес қосып, шеберлердің шыңдалу мектебіне айналған Орал Таңсықбаев атындағы білім ұясынан кіл мықтылар ғана қанат қаққан деген сөздің ақиқаттығын уақыттың өзі дәлелдеп те қойған. Осынау өнердің қарашаңырағынан Айша Ғалымбаева, Гүлфайруз Исмаилова, Молдахмет Кенбаев, Хакімжан Наурызбаев, Нағым-Бек Нұрмұхамедов, Қанафия Телжанов, Сабыр Мамбеев, Дәркембай Шоқпарұлы, т.б. танымал тұлғалар шыққан. Қысқасы, осынау сексен бес жылғы тарихында бұл оқу ордасынан кімдер тәлім алып, тәрбие көрмеді десеңізші. Аталмыш оқу ордасында қазіргі таңда да еліміздің абыройын асқақтататын болашақ сурет өнерінің нағыз мамандары білім алып жатыр. Білім ұясы ұрпақ үшін сауапты іске ұйтқы болып, сурет тарланына арналған мұражай ашты. Онда шебердің өз қолынан шыққан екі бірдей түпнұсқа туындысы қойылды.



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

**Рая
ЕСКЕНДІР**

Мұражайдың ашылу салтанатына Мәдениет министрлігі, қалалық Мәдениет басқармасының өкілдері, өнер шеберлері, ардагер ұстаздар мен жас суретшілер қатысты. Алғашқы сөз кезегін оқу ордасының басшысы Зура Жұмаметқызы алды.

— Киелі өнердің қарашаңырағы 1938 жылы Алматы көркем-сурет училищесі болып ашылған еді. Ал 1992 жылы осы саланың дамуына өлшеусіз үлес қосқан Орал Таңсықбаевтың есімі беріліп, сәндік-қолданбалы өнер колледжі атанды. Осынау жылдар ішінде біздің алтын қорымыз танымал шеберлер мен оқу ордасы түлектерінің туындыларына толды десе де болады. Сондықтан жастарға үлгі-өнеге ретінде барлық туындылармен таныстыру үшін мұражай ашып отырмыз. Оқу ордасында алғашын-

да екі-ақ мамандық болса, қазір жеті мамандық, он бір мамандандыру бар. Сондықтан жастарымыздың өз таланттарын шыңдауына мол мүмкіндік бар. Сәтін салса, қала қонақтары мен тұрғындары кеңінен тамашалау үшін Ә.Қастеев мұражайында үлкен көрме өткізуді жоспарлап отырмыз, — деді Зура Жұмаметқызы.

Осынау айтулы оқиғаға арнайы келген ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің Мәдениет комитеті Білім және ғылыми жұмыс басқармасының басшысы Абылайхан Райысұлы аталмыш мұражай ұлтымызды тануда айрықша орын, інжу-маржан кені іспетті екенін айтып, келешегіне табыс тіледі.

Мұражайдың ашылғанын естіген есімдері елге белгілі түлектердің де қуанышында шек болмады. Оқу ордасының 1973 жылғы түлегі Жұмақын Қайранбаев та жүрекжарды лебізін жеткізіп, мұражайдың алдағы жұмыстарына табыс тіледі.

